



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**



**«ЖАСТАР» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
ОРТАЛЫҒЫ**

**25 ӨМІРЛІК ЖАҒДАЙ
ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ**

АСТАНА-2015

УДК 329 (574)
ББК 66.75 (5 Каз)
Д 22

ISBN 978-601-80419-5-2

25 өмірлік жағдай. Әдістемелік құрал / Ж.Қ. Боқанова, С.Т. Жүсіпов, С.Е. Иманбаева, Б.Б. Масатова, Б.С. Уақпаев – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2015. – 133 б.
Аударма: қазақ тіліне – А.Ж. Жанаев

«25 өмірлік жағдайлар» әдістемелік құралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен әзірленді.

Құралда жастардың әлеуметтену процесінде ұшырасатын түрлі жағдайларды шешуге қатысты ұсыныстар қатылған.

Басылымда тұрғын-үй, әлеуметтік қызметтер мен төлемдер алу, жұмысқа орналасу және білім алу, өз құқықтарын қорғау, үй бухгалтериясын жүргізу мәселелері бойынша нақты кеңестер ұсынылады, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету алгоритмдері қарастырылады.

Құрал жастарға және мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға жауапты институттарға арналады.

© «Жастар» Ғылыми-зерттеу орталығы, 2015

25 жизненных ситуаций. Метод. пособие / Ж.К. Буканова, С.Т. Жусупов, С.Е. Иманбаева, Б.Б. Масатова, Б.С. Уакпаев - Астана: НИЦ «Молодежь», 2015. – 133 с.
Пер.: каз.яз. – А.Ж. Жанаев

Методическое пособие «25 жизненных ситуаций» подготовлено по заказу Министерства образования и науки Республики Казахстан.

Пособие содержит рекомендации по разрешению различных ситуаций, с которыми сталкиваются молодые люди в процессе своей социализации.

В издании представлены конкретные консультации по вопросам получения жилья, социальных услуг и выплат, трудоустройства и образования, защите своих прав, ведению домашней бухгалтерии, а также предлагаются алгоритмы поведения в чрезвычайных ситуациях.

Пособие предназначено для молодежи и институтов, ответственных за реализацию государственной молодежной политики.

© Научно-исследовательский центр «Молодежь», 2015

ISBN 978-601-80419-5-2

УДК 329 (574)
ББК 66.75 (5 Каз)

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	5
ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ.....	6
Салауатты өмір негіздері. Зиянды әдеттер және оларды жеңіп шығу. Күйзеліске төзімділік негіздері.....	6
Тегін медициналық көмек	10
Ерте жыныстық қатынасқа түсу. Жасанды түсік және оның зардаптары.....	11
БІЛІМ АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	13
Балабақшаны қалай таңдау қажет. Баланы мектепке қалай дайындау керек. Баланың жанын жарақаттамай,.....	13
өзін-өзі ұйымдастыруға қалайша баулу керек	13
Өз бетінше білім алуды неден бастау қажет. Шетел тілдерін меңгеру мүмкіндіктері	16
Мамандық/кәсіп таңдау бойынша кеңестер	18
ҰБТ-ға қалайша жақсы дайындалу керек. Жоғары білімді қалай алуға болады. Қалайша «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты атануға болады	19
ТҰРҒЫН-ҮЙ МӘСЕЛЕЛЕРІ	23
Тұрғын-үй сатып алу жолдары (мемлекеттік бағдарлама бойынша тұрғын-үй; жалға берілетін тұрғын-үй)	23
Тұрғылықты жерге қалай тіркелу қажет?	25
Отбасылық экономика негіздері. Үй бухгалтериясын жүргізу. Шектеулі қаражат жағдайында тұрғын-үйді қалайша жайлы етуге болады.....	26
ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ	30
Жұмыс іздеу. Түйіндемені/портфолионы қалай дұрыс құру қажет. Әңгімелесу кезінде өзінді қалай ұстау керек	30
Жастар ресурстық орталығына және жұмысқа орналастыру бюросына хабарласу ережесі. Мемлекеттік біліктілік арттыру курстары.....	33
Жұмыссыз тұлға беделі	34
Еңбек шартын рәсімдеу ережесі	36
Жеке бизнес. Жеке кәсіпкерлік.....	37
ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР	40
Мемлекеттік жәрдемақы түрлері. «Электрондық үкімет» қызметтері.....	40
Мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған қызметтер.....	42

Жергілікті деңгейдегі Мемлекеттік жастар саясатын мәселелері жөніндегі уәкілетті органның түрлі жастар санаты және өзге де жергілікті атқарушы органдардың өкілдерімен өзара іс-әрекеті бойынша ұсынымдар	43
Жастарды қолдауға және дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға қатысу	44
ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР	49
Сотпен қорғалатын және құқық қорғаушыға (адвокат іздеу) жүгінуге конституциялық құқықтар.....	49
Сотқа талап арызды рәсімдеу.....	51
Жұмыстан заңсыз шығару	52
Мемлекеттік орган қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттері.....	53
Заңды және азаматтық некеде тұрған жастардың құқықтары. Мүлікті бөлу	54
Отбасылық құқық негіздері. Ата-аналардың құқықтары. Балалар үйі тәрбиеленушісінің құқықтары	57
Су тасқыны, жер сілкінісі, өрт және климаттық жағдай нашарлаған кезіндегі іс-әрекет	60
Алғашқы медициналық жәрдем көрсету	64
ҚОРЫТЫНДЫ	66

КІРІСПЕ

Осы әдістемелік құралдың өзектілігі 14 - 29 жас аралығындағы жастардың сәтті әлеуметтенуіне жағдай жасау жолдарын іздестіруде қазақстандық қоғам сұраныстарының артуымен, жеке тұлғаның қалыптасуы және тіршілік ету әрекеттерін жүзеге асыру жолында туындауы ықтимал проблемалық жағдайлармен анықталады.

Жастар арасында өмірге төзімділік мәселесі, жас тұлғаның маман ретінде қалыптасуы, қосымша кәсіби білім алу, жеке тұлғаның, қызмет пен қарым-қатынастың тиімді стилінің қалыптасуы, құқықтық сауаттылықты арттыру, ЖОО-дан кейінгі өз өмірін жоспарлау секілді проблемаларды шешудің тәжірибелік мәні зор.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатында жастардың азаматтық саналылығы мен дербестігі деңгейін арттыруда басым бағыттар жолға қойылған. Сондықтан, әдістемелік құралда сан алуан өмірлік жағдайларда шешімдер қабылдау, азаматтық құқықтар және міндеттер туралы хабардар болу мәселелері қозғалады.

Әдістемелік құрал 7 тараудан тұрады. Әрбір тарауда өзекті өмірлік жағдайлар қарастырылады және білім алу және жұмысқа орналасу мәселелері бойынша ұсынымдар, дұрыс тамақтану және салауатты өмір салтын ұстану бойынша кеңестер беріледі, отбасы бюджетін және жеке бизнесті ұйымдастыру және жүргізу мәселелері ашып көрсетіледі. Бала тәрбиелеуге және олардың білім алуын ұйымдастыруға, сондай-ақ отбасылық қарым-қатынасты құқықтық реттеуге қатысты мәселелер қарастырылады. Стандартты емес және төтенше жағдалар кезінде өзін-өзі ұстау модельдері ұсынылады. Жастардың мемлекеттік бағдарламалар және оларға қатысу ережелері туралы толығырақ білуге мүмкіндіктері бар. Шешімдердің туындайтын проблемалардың қауіптілігі деңгейін объективті бағалау тәсілдерін қамтитын барынша рационалды схемалары ұсынылады. Құралда проблемаларды шешудің нақты схемаларын ғана емес, оған қоса белгілі бір жағдайда өзін-өзі ұстаудың барынша қолайлы амалдары саласындағы ұсынымдарды да қамтиды, бұл өз кезегінде жастарды шұғыл төтенше немесе ауыр тіршілік жағдайларында әрдайым парасатты пайымдауды сақтауға үйретеді.

Әдістемелік құралдың барлық тақырыптары белгілі бір өмірлік жағдайлар кезінде алған білімді іс жүзінде қолдануға бағытталған. Әдістемелік материалдар жастарға, сондай-ақ мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға жауапты институттар мен ұйымдардың қызметкерлеріне арналған.

ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ

Салауатты өмір негіздері. Зиянды әдеттер және оларды жеңіп шығу.


Күйзеліске төзімділік негіздері

Салауатты өмір салтының құрамдас бөліктері өте көп, олар – дұрыс тамақтану, белсенділік және қозғалыс, ұйымдастырылған күн тәртібі және күнделікті назар аудару қажетті басқа нәрселер және осы факторларды тұрақты түрде ұстану. Салауатты өмірдің негізгі принциптеріне мыналар жатады.

1. Дұрыс және үйлестірілген тамақтану




Бөліп тамақтануға дағдыланыңыз – жиі, бірақ аздан тамақтану




Негізгі тамақтану уақыттарын өтізіп алмаңыз (таңғы ас, түскі ас, кешкі ас)




Күнделікті жемістер мен көкөністермен қоректеніңіз



Құрамында кальций бар өнімдерді қолданыңыз (сүзбе, йогурт, ірімшік, сүт)



Таңертең тамақтанар алдында бір стақан жылы су ішіңіз



Ас үлесіне (рацион) өсімдік майларын қосыңыз (зәйтүн, зығыр, соя майлары)



Майлы тағамдар көлемін азайтыңыз




Қантты тұтынуды шектеңіз

2. Денеге түсетін ауырлық




Күн сайын жарты сағат таза ауада серуендеуге дағдыланыңыз



Күн сайын жарты сағат таза ауада серуендеуге дағдыланыңыз



Суға түсу және моншада жуыну рәсімдерін қолданыңыз



Сүйікті спорт түрімен тұрақты түрде шұғылданыңыз

3. Зиянды әдеттерден бас тарту

Бас тартыңыз:



Алкогольдік
ішімдіктен



Темекі
шегуден



Артық
тамақтанудан



Есірткіден

4. Психологиялық және эмоциялық жайлылық



Дұрыс
ұйықтау
ережесін
сақтаңыз –
алты - сегіз
сағаттық
түнгі
демалыс



Ұнайтын
адамдармен
әңгімелесіңіз



Қандай
жағдайда
болмасын
еңсеңізді
түсірмеңіз



Сөзжұмбақтар
шешіңіз,
көбірек
оқыңыз, шетел
тілдерін
үйреніңіз



Көбірек
жымыңыз
және күліңіз

5. Жеке гигиена

Гигиенаны мұқият ұстаныңыз:



Тері

Күн сайын жылы
сумен жуыныңыз

Күн сайын жылы
сумен жуыныңыз



Шаш

Шашты ыстық сумен
жууға болмайды

Басты кірлеуіне
қарай жуып тұру
қажет



Ауыз
қуысы

Тістерді күн сайын
таңертең және кешкісін
тазалап тұру қажет

Тамақ ішіп болған соң
міндетті түрде ауыз
қуысын сумен шайыңыз

Профилактика үшін
жылына кемінде екі рет
тіс дәрігеріне қара-
лыңыз

Зиянды әдеттер түрлі ауруларға, әлеуметтік жағдайдың нашарлауына алып келетіні, адамдардың еңбек, спорттық және шығарашылық қызметіне теріс ықпал ететіні баршамызға белгілі. Аса зиянды әдеттерге алкогольдік

ішімдіктерді, темекіні, психологиялық және физиологиялық бұзылуға алып келетін түрлі есірткі заттарын тұтыну жатады. Оларды жеңіп шығу үшін іс-әрекеттердің келесі алгоритмін ұсынамыз.

1. ӨЗІҢІЗДІҢ ЗИЯНДЫ ӘДЕТТЕРІҢІЗДІҢ БАР ЕКЕНІН МОЙЫНДАҢЫЗ

Біріншіден, өзіңізді өз көзіңізше ақтаудан арылыңыз – Сіз бұлайша өзіңізді емес, өз әдеттеріңізді, өз тәуелділігіңізді қорғайсыз. Өзіңізді мұндай әдетке не итермелейтінін анықтауға тырысып көріңіз.

2. ЗИЯНДЫ ӘДЕТТЕРДЕН АРЫЛУҒА НАҚТЫ ЖӘНЕ САНАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАҢЫЗ

Нақты шешім қабылдамай және сенімді түрде қаламайынша Сіз мұндай зор міндеттерге қарсы тұра алмайсыз. Есіңізде болсын, саналы шешіммен нығайтылмаған ерік күшіңіз қауіпті әдеттердің түпкілікті тамырына балта шабуға көмектеспейді.

3. ЗИЯНДЫ ӘДЕТТІ ДҰРЫС ӘРІ ПАЙДАЛЫ БІР НӘРСЕМЕН АЛМАСТЫРЫҢЫЗ

Мысалы, егер Сіз темекі шегуді тастағыңыз келсе, онда бос уақытыңызды дене шынықтырумен шұғылдануға (жүгіру, велосипед тебу, жаттығу жасау) немесе пайдалы оқуға жұмсаңыз.

4. ЗИЯНДЫ ӘДЕТТЕРДІ ЖЕҢУ ҮШІН КӨМЕК СҰРАУДАН ҚЫСЫЛМАҢЫЗ

Отбасы мүшелеріне және достарыңызға өз әдеттеріңізден арылуға бекінгеніңізді айтыңыз және олардың Сіз зиянды әдеттерге қайта орала бастағаныңызды байқаған сәтте ескерткенін өтініп сұраңыз. Осындай проблемаларды жеңіп шыққан таныстарыңызбен әңгімелесіңіз. Кәсіби мамандардың көмегіне жүгініңіз.

5. САБЫР САҚТАҢЫЗ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚҚА ТІКЕ ҚАРАП ҮЙРЕНІҢІЗ

Бірден жылдам нәтиже күтпеңіз. Жылдар бойына қалыптасқан кейбір әдеттерден түбегейлі арылу оңай емес және бұған уақыт пен күш-жігер қажет. (<http://ru.wikihow.com/> - пайдалы сілтеме)

«Күйзеліс» термині қазіргі заманғы адамның санасында өте ерте және мығым орныққан. Қазіргі өмірлік ырғақ көптеген жүйке күйзелістерін тудыруға бейім. Бұл жұмыста істің шамадан тыс көбеюі, сәтсіз өткен күн және т.б. Тіпті, маңызды проблемаларды айтпағанда, ұсақ және орташа деңгейдегі жағымсыз жайттар да көбіне күйзеліспен аяқталады. Сондықтан, күйзеліске төзімділікті арттыру – бұл айтарлықтай маңызды міндет.

Психологиялық әдіс



Релаксациялық
музыка тыңдаңыз



Қарапайым ережені
есте ұстаңыз: «Сіздің
өміріңіз және Сіздің
денсаулығыңыз
бәрінен де жоғары»



Басқа нәрсеге
кірісіп кетуге
және көңіл
сергітуге
дағдыланыңыз



Қоршаған әлемнен
жақсылықтарды
барынша көбірек
аңғаруға және
келекіз ұсақ-түйекке
назар аудармауға
тырысыңыз

Психогигиеналық әдіс



Қызықты тынығуды
ұйымдастырыңыз
(позитивтік фильмдер
көру, достармен кездесу,
кітап оқу және т.б.)



Денеге күш түсірумен
шұғылданыңыз



Өзіңізге толыққанды
демалыс пен ұйқыны
қамтамасыз етуге
тырысыңыз

Ұйымдастырушылық әдіс



Өзіңіздің күн тәртібіңізді құрастырыңыз

Медикобиологиялық әдістер



Массажға, суға шомылуға,
моншаға барыңыз



Дұрыс тамақтану режимін
ұстаныңыз

Фармакологиялық әдістер



Дәрумендер және
минералды заттарды
қабылдаңыз



Хош иісті майларды
пайдаланыңыз



Көк шай ішіңіз

Тегін медициналық көмек

Қазақстанда жыл сайын әрбір азаматтың тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі (ТМККК) шеңберінде тегін медициналық көмек алуы үшін бюджеттен денсаулық сақтау жүйесіне жүздеген миллиард теңге қаржы бөлінеді.

ҚР Үкіметінің қаулысымен Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға бюджет қаражаты есебінен тегін медициналық көмек ұсынылады және тиімділігі барынша дәлелденген профилактикалық, диагностикалық және емдеу медициналық қызметтерін қамтиды.

Жеке меншік ұйымдарға тәуелді болмай, *қызметтердің барлық негізгі спектрлерін мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тегін алуға* болатынын ескеру қажет.

ТМККК тізбесіне **жедел медициналық жәрдем, санитарлық авиация, амбулаториялық-емханалық көмек** кіреді.

Стационарлық медициналық көмек емхананың бағыты бойынша жүзеге асырылады, ал егер шұғыл көмек қажет болған жағдайда емделуші жолдама болуына қарамастан қабылданады.

Азаматтардың кейбір санаттарының **стоматологиялық көмекті** де тегін алуға мүмкіндіктері бар. Мәселен, тұрғындардың әлеуметтік қорғалмаған топтарына шұғыл стоматологиялық көмек көрсетіледі. Туа біткен бет-жақ сүйек патологиясы бар 18 жасқа толмаған балалар мен жүкті әйелдер жоспарлы стоматологиялық, сондай-ақ ортодонтиялық көмекті тегін ала алады.

Дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуге келетін болсақ, мұнда да белгілі бір жеңілдіктер қарастырылған.

Тегін дәрі-дәрмектер егер *стационарлық немесе жедел медициналық көмек* көрсетілген жағдайда тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде азаматтардың барлық санаттарына тиесілі.

Дәрі-дәрмектермен **тегін және жеңілдікпен** (емделуші дәрі-дәрмек құнының 50 пайызын төлейтін жағдайда) **қамтамасыз етуге** келетін болсақ, олар белгілі бір ауру түрлерінің тізіміне сәйкес беріледі және рецепт бойынша дәріханаларда сатылады.

Тегін берілетін немесе 50 пайыздық жеңілдік сатып алынатын дәрі-дәрмектер тізбесімен емханаларда немесе ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің сайтында танысуға болады.

Аса ауыр жағдайлар кезінде Қазақстан азаматтары еліміздің үздік мемлекеттік медициналық орталықтарында, сондай-ақ шет елдерде медициналық көмек ала алады.

Мұндай емдеуді **квотаға** сәйкес алуға болады. Квота ота жасауды және дәрі-дәрмектер мен тамақтануды қоса алғанда тегін қаралуға, емделуге кепілдік береді.

Квота қандай жағдайларда беріледі? Квота стационар жағдайында мемлекеттік қаражат есебінен медициналық көмек ұсынуға арналған.

Стационарлық емдеу көрсеткіштері анықталған жағдайда ауруға жолдама беріледі. Емделуші тіркеу нөмірін алғаннан кейін Республикалық госпитализациялау бюросының <http://www.medemer.kz/cdb/8/> веб-сайты арқылы ҚР ауруханаларындағы бос орындарды өз бетінше іздестіре алады.

Егер Қазақстанда тиімді ем қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, **шет елдерде емделуге квота** алу мүмкіндігі қарастырылған.

Бұл үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

1. **Медициналық қорытынды** – науқас емделген Қазақстан ауруханасынан. Анықтамада елдің медицина ұйымдарының науқасқа қажетті емдеуді қамтамасыз ете алмайтыны көрсетіледі.

2. Негізгі және қосалқы ауруларды, диагностикалық тексеру, өткізілген емдеу курсының нәтижелерін көрсетумен **ауру тарихынан көшірме**.

3. Қала және облыстың денсаулық сақтау басқармасының **салалық мамандарының қорытындысы**.

4. **Жергілікті** – қала немесе облыстық денсаулық сақтау басқармасының **сұраныс хаты**. Бұл құжат – шетелге емдеуге жіберудің нақты жолдамасы.

Өтінім 30 күнтізбелік күн ішінде қаралады. Бас тарту туралы шешім қабылданса, 5 жұмыс күні ішінде емделушіге республика аумағында медициналық көмек алуды ұсынады.

Оң шешім қабылданған жағдайда ҚР азаматтарына медициналық қызметтерді ұсынуға шетелдік медициналық ұйыммен шарт жасалады.

❶ Мемлекеттік медициналық ұйымдар ТМККК-ға жатпайтын, сондай-ақ дәрігердің жолдамасынсыз емделушінің бастамашылық етуі бойынша, жұмысқа орналасу және оқуға түсу үшін азаматтардың медициналық тексеруден өтуі, ерікті медициналық сақтандыру кезінде **ақылы медициналық қызметтер** көрсете алады.

Басқа жағдайларда, егер Сізден ақы төлеуді талап етсе, Сіз Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің аумақтық департаменттері жанындағы сенім телефондарына хабарласуыңызға болады.

Ерте жыныстық қатынасқа түсу. Жасанды түсік және оның зардаптары

Ерте жыныстық қатынасқа түсу проблемасы қазіргі заманғы жастардың өзекті проблемаларының бірі болып табылады. Оның себептері көбіне жай қызығушылық пен қоршаған ортаның ықпалы болып табылады. Алайда, ерте жыныстық қатынасқа түсудің зардаптары бар екенін естен шығармаған маңызды:

- ✚ Жасөспірімнің дене және ой-санасының дамуына қауіпті зиянын тигізеді
- ✚ Ерте жүкті болу көбіне ұрықсыздыққа алып келеді
- ✚ Соз ауруларының жұғуы
- ✚ Көп жағдайда жасанды түсік жасатумен аяқталатын ерте жүкті болу қаупі

Өкінішке орай, көптеген жас қыздар медицина саласындағы ешбір жетістіктер, заманауи дәрі-дәрмектер жасанды түсік жасату кезінде әйелдердің денсаулығына туындайтын қауіптерді және соның нәтижесінде шегетін зардаптарды төмендете алмайтынынан хабарсыз. Сонымен, жасанды түсік жасатудың зияны қандай?

Инфекциялық асқыну

- Жасанды түсіктен кейін әйелдің иммунитеті қатты төмендейді, сондықтан оның зияны өте үлкен. Егер инфекция түсетін болса, ол қанның жалпы бұзылуына алып келуі ықтимал

Ұрықсыздық

- Жасанды түсік әрдайым жергілікті қабынуды тудырады, тіпті дене қызуының көтерілуінсіз және инфекцияның басқа да белгілерінсіз болса да, ұрықсыздыққа алып келеді

Гормондық ауытқу

- Жасанды түсіктен кейін ауыр гормондық ауытқулар жүреді, соның салдарынан қатерсіз және қатерлі ісіктердің пайда болу қаупі артады

Жатыр қабырғасы тұтастығының бұзылуы (перфорация) және оның жарылуы

- Алдағы уақытта жүкті болу мүмкін болмауымен жатырды алып тастауға, кейбір жағдайларда кісі өліміне алып келеді

Психологиялық аспект

- Жабығып торығу (депрессия) және әлсіздік синдромы түрінде психикалық ауытқулар

БІЛІМ АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Балабақшаны қалай таңдау қажет. Баланы мектепке қалай дайындау керек.

**Баланың жанын жарақаттамай,
өзін-өзі ұйымдастыруға қалайша баулу керек**

Бала өміріндегі аса маңызды сәт – бұл балабақшаға табалдырығын аттаған кезең. Жас ата-аналар аталған кезеңге байыпты әрі жауапты дайындалуы қажет. Ең дұрысы нәресте өмірге келген сәтте балабақша туралы ойлану қажет.

Бұл үшін Сізге тұрғылықты жеріңіз бойынша білім беру органына немесе Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО) өтініш беру қажет, сондай-ақ Сіз «Электрондық үкімет» интернет-порталы арқылы (www.egov.kz) онлайн-қызметті пайдалана аласыз. Сіздің өтінішіңіз мектепке дейінгі тәрбие бөлімінде тіркеледі. Кейінірек бала балабақшаға кезекке бекітілетін болады. Кезек тәртібімен, бос орындар болған жағдайда бала топқа қабылданатын болады.

Балабақшалар оқыту бағдарламасының түріне, топтағы балалар санына, тамақтану және ойыншықтар сапасына қарай үш топқа бөлінеді

Балабақшалар оқыту бағдарламасының түріне, топтағы балалар санына, тамақтану және ойыншықтар сапасына қарай үш топқа бөлінеді		
МЕМЛЕКЕТТІК Негізгі басымдылығы – бұл ақысының төмендігі. Құны айына 6000 - 12000 теңге аралығында. Сонымен қатар, жеңілдіктер қарастырылған, мысалы, жалғызбасты аналарға, көпбалалы отбасыларға және т.б. Мемлекеттік балабақшаның кемшілігі онда топтар өте үлкен және әрбір балаға жеке көңіл бөлінбейді	ЖЕКЕ МЕНШІК Егер отбасында жеке меншік балабақша қызметінің ақыын төлеуге қаражат жеткілікті болса, онда бұл кез келген сәби үшін өте оңды нұсқа. Онда даму бағдарламасы қызықты, топтарда шамамен 15 адам, балалар ойыншықтармен жақсы қамтамасыз етілген, дәмді әрі алуан түрлі тағамдар және басқа көптеген басымдықтар. Жеке меншік балабақшаның бір ғана кемшілігі – оның қызмет құны.	ҮЙ (ОТБАСЫЛЫҚ) Әдетте бұл жеке меншік пәтердегі немесе жалға алған ғимараттағы жабдықталған жатын бөлме мен ойын бөлмесі. Онда тәрбиеші, бала күтуші және аспаз жұмыс істейді; ал жасы үлкен балаларға арнап шет тілі, музыка, бейнелеу пәні мұғалімдері шақыртылады. Үйдегі балабақшаның тиімді тұсы: бала саны аз (3-5 адам), тамақтануын жеке қадағалау, көп назар аудару. Бірақ оның ақысы жоғары және кейде кең үй-жай жеткіліксіз

Таңдау жасамас бұрын алдымен балабақша туралы барлық нәрсені толығырақ біліп алыңыз: оған барып жүрген балалардың ата-аналарымен сөйлесіңіз, олардан балаларға қалай қарайтынын, балабақша қалай жабдықталғанын, тәрбиешілердің қандай екенін және басқа да нәрселерді сұрастырыңыз. Балабақшаның аумағына, балалардың ойын алаңының қоршалуына назар аударыңыз. Балаңыздың болашақ тәрбиешісімен, сондай-ақ балабақша дәрігерімен сөйлесіңіз. Меңгерушіден қызметкерлер туралы және балалармен өткізілетін дәрістер туралы әңгімелеп беруін өтінізіңіз.

Ата-аналардың балабақша таңдау критерийлері әртүрлі болып келеді. Алайда, балаға балабақшаны қандай критериймен таңдасаңыз да, Сіз «мектепке дейінгі білім беру деңгейінің стандарты» барлық мектепке дейінгі балалар мекемелерінде іске асырылатынына сенімді көз жеткізесіз.

Көптеген ата-аналар мектепке дайындық – бұл оқи білу, санай алу және жаза білу деп есептейді. Бірақ, шындығында бұл өте маңызды әрі күрделі мәселе.

Балаға оқуды, жазуды және есептер шығаруды үйрету үшін осының барлығын үйрететін мектепке жіберу жеткілікті секілді көрінеді. Алайда, қазіргі

тәжірибе баланың мектепке осының барлығын біліп баруы қажет екендігін, олай болмаған жағдайда озық қатарлас құрдастарының білім алу қарқынына ілесуі қиынға соғатынын көрсетеді. Сондықтан, ата-аналар мектепке дейінгі дайындық процесіне үлкен жауапкершілікпен қарап, балаға үйретуге немқұрайды қарамау қажет.

Баланы дайындау кезінде мына жайттарға көңіл бөлген жөн.

 <p>Жалпы ой-өрісін дамыту (танымдық әңгімесу, кітаптар оқу және оны талқылау)</p>	 <p>Әріптер мен сандарды, геометриялық пішіндер мен түстерді, оң/сол, үлкен/кіші, кең/тар және т.б. ұғымдарды үйрену</p>	 <p>Оқу және санау қабілетін қалыптастыру (мүмкіндігінше)</p>
 <p>Ұсақ моториканы міндетті дамыту (қолдың буындары мен саусақтардың ептілігін, сурет салу, мүсіндер жасау, конструктормен жұмыс, ұсақ моншақтар, тиындар, сіріңке талшықтары, тіс тазартқыш секілді ұсақ заттармен жұмыс істеу қабілетін дамытуға арналған дәрістер)</p>	 <p>Есте сақтау қабілетін жаттықтыру (тақпақтар және әндер жаттау)</p>	 <p>Талдау, жіктеу қабілеттерін жаттықтыру (баладан оқиға тарихын құрастыруды өтіну, ең алдымен не болды, содан кейін не болды, бөлшектерден тұтас сурет құрастыра білу, заттарды белгілі бір белгілеріне сәйкес орналастыру)</p>

Алайда, жақсы санай алатын, бірнеше беттен тұратын өлеңдерді жатқа айта алатын ұл немесе қыз баланың психологиялық, тұлғалық және коммуникативтік (әлеуметтік-психологиялық) деңгейі төмен болса, мектепке толық дайын болмауы мүмкін.

Балаға білім қорымен бірге мынадай қасиеттер тән болуы тиіс.

 <p>Сөйлесе білу, қоғамда қалыптасқан моральдық-өнегелілік нормаларды түсіну және ең бастысы күнделікті өмірде қолдана білу</p>	 <p>Үлкендермен және құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуден қорықпау</p>	 <p>Өз пікірін мәдениетті әдістермен қорғай білу және орынсыз агрессия немесе, керісінше, шамадан тыс қорқыныш және жасқаншақтық көрсетпеу</p>	 <p>Мектепте білім алу процесінің мәнін ұғыну, білім алудың маңыздылығын, мектепте оқу тәртібін түсіну</p>
 <p>Белгіленген ережелерге бағына білу, тәртіптің не екенін білу</p>	 <p>Оң мотивациясы, оқуға деген ынтасы болу</p>	 <p>Тапсырмаларды мақсатқа сай және өз бастамашылығымен орындау, өзінің іс-әрекеттер ұйымдастыру, жоспарлай білу және олардың нәтижелеріне жауап беру (мысалы, сөмкесін өз бетінше жинау және үй тапсырмаларының орындалуын қадағалау)</p>	 <p>Өз-өзіне оң қарым-қатынаста болу</p>

Дене даярлығының да аса маңызды екенін естен шығармаған жөн: алғашқы оқу жылында иммунитет жүктетемесі маңызды болып табылады. Баланың көбірек қозғалуы (идеалды тұрғыда – денсаулықты шынықтырумен қатар тәртіпке бағыну дағдысын қалыптастыратын спорт секцияларында шұғылдану), таза ауа, толыққанды тамақтану қажет.

Егер баланың денсаулығы бұзылған жағдайда міндетті түрде дәрігермен кеңесіп, жағдайын түзеуге және оқу процесін ұйымдастыруға қатысты ұсынымдар алу қажет.

Және бала үшін ең бастысы – мектепте қандай жағдай орын алмасын, ата-ананың қолдауы.

Баланы өзін-өзі ұйымдастыруға баулу маңызды, соның арқасында мақсатқа талпынушылық, белсенділік, дәлелділік, дербестік және жауапкершілік секілді қасиеттер дамитын болады.

Күн тәртібі

Нақты күн тәртібі өзін-өзі ұйымдастырудың жағымды дағдыларының қалыптасуы үшін жақсы негіз болып табылады. Отбасында және балабақшада күн тәртібіне үйренген оқушылар істі ретке келтіруге қалыптасады. Қандайда бір іс-әрекеттерді орындау уақыты аралығын белгілеу ұсынылады. Мысалы, сағат 23.00-ден кешіктірмей ұйықтау, сағат 14.00 - 16.00 аралығында үй тапсырмаларын орындау және т.б.

Жоспарлау

Өзін-өзі ұйымдастыруға алдын ала жоспарлау көмектеседі. Бір күнге, бір аптаға, әрбір демалыс күндеріне және т.б. жоспарлауға болады.

Алғашқыда бұл процесте ата-аналар балаларына көмектесуі, содан кейін бірте-бірте қатысуларын азайтуы тиіс.

Бос уақытты ұйымдастыру

Ешқандай іс-әрекетпен шұғылданбайтын бос уақыттың тым көп болуы шамадан тыс босаңсуға және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларының нашарлауына алып келеді. Бос уақытта шұғылданатын әрекеттердің тізімін алдын ала жасау мұндайға жол бермейді.

Мақсаттар қою

Өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын дамыту үшін баланың ерте жастан бастап өз мақсаттарының болуы аса маңызды. Мақсаттар әртүрлі бағытта болуы мүмкін: аппликациялар жасаудан бастап мектепті «Алтын белгімен» бітіруге дейін. Ең бастысы, олардың жетістіктері қысқа уақытқа созылатын бір мезеттік емес, бірнеше сағатқа дейін созылғаны дұрыс. Егер мақсаттар мен міндеттердің саны тым көп болса, балаға оларды маңыздылығы деңгейіне қарай бөліп жіктеуге көмектесу қажет.

Кезең-кезеңмен орындау

Өзін-өзі ұйымдастыруды дамыту үшін тағы бір жақсы тәсілдердің бірі. Ол қандайда бір іс-әрекеттің орындалуын кезеңдерге бөлуден тұрады.

Испен шұғылдану және бос уақыт арасындағы тепе-теңдік

Егер Сіз балаңыздың бойына өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын сіңіргіңіз келсе, бұл оның өмірінің әрбір сәтін пайдалы іс-әрекеттермен жүктеу қажет дегенді

білдірмейді. Баланың түрлі міндеттемелері (оқуда, үйде және т.б.) мен бос уақыт аралығындағы тепе-теңдікті қатаң сақтау қажет.

① Толыққанды өзін-өзі ұйымдастыру тек жоғары сынып оқушылары мен ересек адамдарға ғана мүмкін екендігін атап өту қажет.

Өз бетінше білім алуды неден бастау қажет. Шетел тілдерін меңгеру мүмкіндіктері

Өз бетінше білім алудың көптеген басымдықтары бар екендігі сөзсіз: Сіз барынша маңызды білім аласыз және өзіңіздің қажеттіліктеріңіз бен қызығушылығыңызды толығымен қанағаттандыратын дербес оқу бағдарламасын құрасыз, ең бастысы, өз бетінше білім алу тегін жүзеге асыылады. Сонымен, өз бетінше білім алуды неден бастау қажет және оны қалайша тиімді етуге болады?

- ❖ Ең әуелі ағылшын тілін үйреніңіз, себебі көптеген жаңа идеялар алдымен ағылшынша туындайды. Нақ осы тіл интернеттің әмбебап тілі болып табылады және орыс немесе басқа тілдерге қарағанда ағылшын тілінде сұрақтарға жауап табу мүмкіндіктері әлдеқайда жоғары.
- ❖ Кез келген ғылым саласындай, түпкі негізден бастаңыз. Алдымен үздік 100 кітапты оқып шыққан дұрыс. Егер Сізді жұмыста өзін жетілдіру қызықтыратын болса, бизнес бойынша үздік 100 кітаптың тізімі барынша танымды әрі пайдалырақ болады.
- ❖ Көлікте және серуендеу/жүгіру кезінде бос уақытты өз бетінше білім алуға жұмсауды әдетке аналдырыңыз. Егер Сіз қоғамдық көлікпен қатынайтын болсаңыз, Сізге жолда кітап оқу немесе видео қарау жеңіл тиеді. Көлік жүргізу, жүгіру немесе серуендеу кезінде аудиокітаптар тыңдау барынша тиімді болып табылады.
- ❖ Материалды бекіту үшін форумдарға қатысуды пайдаланыңыз. Адамдармен қарым-қатынас жасай отырып, тәжірибелі тұлғалардан практикалық өзекті ақпараттарды алуға болады және бұл ақпараттар кітаптардан немесе жалпы теориялық блогтардан табыла бермейді. Сонымен қатар, форумдарға қатысу пайдалы байланыстар орнату амалдарының бірі. Конференцияларға немесе вебинарларға қатысыңыз.

Өз біліміңізді пайдаланыңыз – бұл ақпаратты меңгерудің міндетті кезеңі және құзыреттіліктің арттырудың шарты.

Қазіргі заман бізден ашықтықты және тіл табысуды талап етеді, сондықтан шет тілдерін білу осы өмірден өз орнын табуға, беделді кәсіпті меңгеруге, өзіне және отбасына жақсы осы күнді және жарқын болашақты құруға ұмтылатындар үшін қажеттілікке айналып келеді.

Шет тілін үйренумен не университеттегі тиісті кафедрада, не өз бетінше, не арнайы курстарда шұғылдануға болады.

Тілді өз бетінше үйрену кезінде сөздік оқу, мұқият радио тыңдау (тіпті ештеңе түсінбесең де) пайдалы. Кейін одан бір елі ажырамайтындай сөздіктен бастаңыз; өздігіңізден оқиғалар ойлап табыңыз: досыммен кездесу, кино, спорт т.б. Сөздерді дұрыс айтуға дағдылану да өте маңызды – бұл ауызша сөйлеудің ғана емес, жазбаша тілін де дұрыс әрі жеңіл түсіну кепілі болып табылады. Шет тілінде сөйлеу – сол тілде ойлау деген сөз, ал адамдар сөздерді ойша қайталап ойланады.

Тілді үйренудің жалпы ережелері. Қазіргі уақытта Интернет кеңістігі шет тілін үйрену үшін үлкен мүмкіндіктер ұсынады. Тегін пайдалы сайттарды көптеп табуға болады. Мұндай сайттарда Сізге мыналар пайдалы болуы мүмкін:

- ✚ **Онлайн-дәрістер:** бұл топқа шынайы уақыт режимінде түрлі тапсырмаларды орындауды ұсынатын сайттар жатады.
- ✚ **Онлайн-аудармашылар:** толық жетілдірілмегеніне қарамастан, олар жедел жаңарту секілді сөзсіз басымдыққа ие (қағаздағы басылымдармен салыстырғанда)
- ✚ **Электрондық кітапханалар:** мұнда оқулықтар, кітаптар, журналдар, әндердің мәтіндері, сөздіктер, оқу бағдарламалары және т.б. жинақталған.

Күнделікті шұғылданыңыз!
Аптасына 10-12 сағат оқу
арқылы ғана жетістікке қол
жеткізуге болады

Түрлі дәріс нысандарын
орындаңыз (грамматиканы
меңгеруден шаршасаңыз –
оқыңыз; оқудан жалықсаңыз –
үйренетін тілде аудиокурстар,
радио немесе магнитофон және
т.б. тыңдаңыз; үйренетін тілде
фильмдер қараңыз)

Сөздерді тізім бойынша емес,
жағдайға қарап үйреніңіз.
Әңгімелесу барысында кезекті
сөзді ойлануға уақыт қалдыру
үшін «меніңше», «мәні бар»,
«ойлануға бір минут беріңіз»
және т.б. секілді ауызекі
тіркестерді меңгеру қажет

Осы тілде сөйлейтін адамдармен
әңгімелесудің кез келген
мүмкіндігін пайдаланыңыз

Мүмкінлігінше жаттап
үйреніңіз. Бірақ тек өзіңізге ана
тіліңізде де қызықтысын және
тілдік қатынастағы тек дұрыс
мәтіндерді ғана

Үйренетін тілде көбірек
оқыңыз, бірақ тек ана тіліңізде
де қызықты нәрселерді ғана.
Мақалдарды, мәтелдерді,
жаргонизмдерді және т.б.
олардың кең мағынасында есте
сақтау қажет

Егер Сіз шет тілін тілдік курстарда үйренуге шешім қабылдаған болсаңыз, онда ең алдымен Өзіңіздің тілді үйренудегі мақсатыңызды анықтап алғаныңыз жөн (бұл жұмыс бабымен немесе туристік сапарларда қажет пе). Осыған байланысты ұзақтығы, бағдарламасы және оқу нысаны тиімді курстар таңдап алынады. Оқытушылардың біліктілігіне де назар аударған жөн. Кәсіби білім және халықаралық сертификаттардың болуы – тәп-тәуір мінездеме. Бұдан бөлек, курстарда тұрақты қызмет еткені және оқыту әдістемесі дұрыс ретке келтірілгені дұрыс. Топтағы адамдар санына да назар аударыңыз. Егер тіл үйренушілер саны оннан артық болса, онда басқа курстарды іздеген дұрыс. Тілдік курстардың

міндетті түрде курсты бітіргеннен кейін берілетін құжатта көрсетілетін мемлекеттік үлгідегі лицензиясы болуы тиіс.

Мамандық/кәсіп таңдау бойынша кеңестер

Әрбір жас тұлға өзіне қандай кәсіпті таңдау керектігі және таңдау жасауда қателеспеуі туралы ойланады. Болашақтағы кәсіпті дұрыс таңдау адамның тұрмысына және өмірлік табыстарына ықпал ететін өмірдегі басты шешімдердің бірі, қоғамда өз орнын табуының негізі болып табылады.

Ең әуелі қандай кәсіптер бар екендігін және әрбір нақты кәсіп иесінің не үшін қажет екендігін зерттеп, ұғынып алу қажет. Кәсіп туралы толық картинаны қалыптастыру үшін мынадай сұрақтарға жауап іздеген жөн: кәсіп иесі немен шұғылданады? Оның қызметінің нәтижесі неде? Кәсіп иесі қандай жағдайларда еңбек етеді?



Кәсіпті таңдау кезінде маманға тек білім және ептілік тұрғысында ғана емес, оның қабілеттіліктері мен жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту деңгейі тұрғысында қандай талаптар қойылатынын білу маңызды



Өз кәсібі туралы кәсіби мамандар ғана жақсы әңгімелеп бере алады. Алдында кәсіп таңдау міндеті тұрған әрбір жас тұлғаның айналасында белгілі бір қызметтің кәсіби маманы болып табылатын ересек адамдар көптеп табылады. Олардың өз істері туралы қызықты әңгімелері қызметтің белгілі бір саласына адамның қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді



Мамандық таңдаудың тиімді тәсілдерінің бірі - мектептегі каникул кезінде кәсіпорында практикадан (тағылымдамадан) өту. Бұл тәсіл кәсіп туралы шынайы түсініктің қалыптасуына мүмкіндік береді



Жұмыстан қандай әсер алуға тырысатындығыңызды анықтап алыңыз. Көпшілігі жоғары жалақы алуды қалайды. Бірақ жалақы әрдайым жұмыстан қуанышты әсер сыйлай алмайды, себебі адамға даму, жаңашылдыққа ұмтылу қасиеті тән. Өзгерістерге деген қызығушылығың қаншалықты жоғары болса, өз жұмысыңнан жеке тұлғалық және кәсіби деңгейде өсу мүмкіндігі де соншалықты мол



Содан кейін мамандық алып, кәсіпті меңгеруге болатын оқу орнын таңдау қажет. Кез келген оқу орнының ең басты құндылығы оның оқытушылар құрамы болып табылады. Оқу процесінің техникалық және материалдық жабдықталуына назар аударған жөн

Бірнеше кәсіпке осындай картинаны құрастыра отырып, Сіз соңында бір шешімге келе аласыз: қайсысы ұнайды, қайсысы ұнамайды, қайсысымен табысқа жете аласың, қайсысымен жете алмайсың. Сонымен қатар, нақты құрылымын қалыптастыра отырып, Өзіңізге белгілі бір кәсіптің несімен ұнамайтындығын анықтай аласыз. Кәсіптерді неғұрлым көбірек қарастырсаңыз, соғұрлым Сіздің таңдауыңыз нақты әрі саналы болады.

Есте сақтаңыз! Адам өзінің көңілі қалайтын қызметте ғана табыстарға қол жеткізе алады. Сондықтан, кәсіпті таңдай отырып, көңіл сүйсінтетін қандай қызықты нәрселермен шұғылданатыңызға назар аударуыңыз қажет.

ҰБТ-ға қалайша жақсы дайындалу керек. Жоғары білімді қалай алуға болады. Қалайша «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты атануға болады

Біздің әрқайсымыз жоғары оқу орнына түсу үшін қажетті балл жинау үшін ҰБТ-ға дайындыққа ерекше көңіл бөлу керек екендігін жақсы түсінеміз. Ендеше, ҰБТ тапсыруға жақсылап дайындалуға қатысты бірнеше кеңес ұсынамыз:



Өзіңізді сынақтан өткізіңіз. Бөгде адамның көмегінсіз, шпорсыз және интернетсіз ҰБТ тестінің нұсқасына жауап беріңіз. Белгілі бір пәнге жауап беруге жұмсайтын уақытыңызды есептеңіз



Тақырыптар бойынша оқыңыз. Тарихтан, мысалы, сұрақтарды ҰБТ тесттер жинағынан жаттап алу қажет емес. Бұл Сіз үшін аса жақсы емес. 5-9 сынып оқулықтарын тауып алып, әр тақырыпты жеке зерттей бастаңыз. Жақсы есте сақтау үшін өткен материалдан қысқаша конспект жасауға немесе өзіңізге түсінікті схемалар салуға болады



Өзіңіз қате жіберген сұрақтарды міндетті түрде қайта пысықтаңыз. Ең тиімдісі дұрыс жауапты адамның өзі тапқаны, себебі іздеу кезінде Сіз өзіңізге қажетті нәрсені есте сақтап қалуыңыз мүмкін және алдағы уақытта мұндай қателікке жол бермейтін боласыз.



ҰБТ-ға дайындалуға уақытты дұрыс бөлу маңызды. Егер Сіз кітаптарды жинап алып, біресе бір пәнді, біресе екінші пәнді алып тесттерге жауап беруге кірісетін болсаңыз, мұндай дайындық көңіл қалағандай нәтиже бермейді. Әрбір пәнге жеке уақыт бөлуді жоспарлау қажет



Ештеңеге алаңдамаңыз! Егер Сіз ҰБТ-ға дайындалуға шешім қабылдасаңыз, онда әлеуметтік желілерден шығыңыз, телефонды алшақ қойыңыз, ата-аналарыңыз Сізді алаңдатпауы үшін оларға дайындыққа отыратыныңызды ескертіңіз



Дайындық кезінде тым оңай болса да мұғалімдерге сұрақ қоюдан қорықпаңыз. Егер тақырыпты өз бетіңізше түсінбеген болсаңыз және мұғалімнің көмегі қажет болса, онда міндетті түрде жақын барып, одан көмектесуін сұраңыз



Дайындықты тоқтатпаңыз! Ең дұрысы күніне аздап болса да дайындалу керек, бірақ әр күн сайын



Математика және физика пәндерінде калькуляторды мүлдем пайдаланбауға тырысыңыз. Егер әрдайым калькуляторсыз есептейтін болсаңыз, қысқа мерзім ішінде оның көмегінсіз-ақ шешуге дағдыланасы

Бүгінгі таңда Қазақстанда 126 жоғарғы оқу орны бар. Жоғары білім алғысы келген әрбір жас тұлғаның бойында ізденудің түрлі кезеңдерінде міндетті түрде мынадай сұрақ пайда болатыны сөзсіз: қандай оқу орны тиімді?

Жыл сайын Білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз қазақстандық агенттігі төмендегі сілтеме бойынша танысуға болатын Қазақстанның үздік көпсалалы жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингін қалыптастырады: <http://nkaoko.kz/index.php/ru/rejting-vuzov/rejting-vuzov-kazakhstan-2015>.

Қазақстанның жоғары оқу орындарында 3 оқу нысаны қалыптасқан.

КҮНДІЗГІ	СЫРТТАЙ	ҚАШЫҚТЫҚТАН
Дәрістер аптасына алты күн өткізіледі. Сессия жылына екі рет: жазғы және қысқы. Демалыс күндері шілде-тамыз және ақпан айларында. Студенттерге әскерде қызмет етуден босатуға мүмкіндік беріледі	Сырттай оқу бөлімінде оқу дегеніміз өз бетінше ізденуді және оқу орнына жылына тек 2 рет, 20-30 күнтізбелік күнге жаңа білім алу мен сынақ пен емтихандарды тапсыру үшін баруды білдіреді.	Қашықтықтан кәсіби білім алу дербес кесте бойынша Интернет арқылы жүргізіледі және 365 күн, тәулігіне 24 сағат қолжетімді

Жоғары оқу орнына түсу үшін мектеп бітіруші түлектер ұлттық бірыңғай тестілеуден (ҰБТ), ал кәсіби-техникалық оқу орындарының түлектері кешенді тестілеуден (КТ) өтуі тиіс.

Білім алуды қаржыландырудың бірнеше тәсілдері бар.

Мемлекеттік білім гранты	Ақысыз тегін білім алу + стипендия. «Алтын белгі» иегерлері, халықаралық және республикалық олимпиадалар мен таңдау пәндері бойынша конкурстардың жүлдегерлері мемлекеттік грантты иеленуде басым құқықтарға ие болады. Гранттарды Білім және ғылым министрлігінің конкурстық комиссиясы тағайындайды. Грантқа үміткерлерден жоғары өту баллы талап етіледі
Мемлекеттік білім беру несиесі	Білім алу ақысын төлеу үшін конкурстық негізде ұсынылады. Несие алушы, жоғары оқу орны және банк арасында несиені беру уақытына сәйкес толық оқу мерзіміне теңгемен берілетін несиенің жоспарланған көлемі; несиенің берілу мақсаты; несиені беру шарттары мен оны өтеу мерзімдері; тараптардың міндеттері, оның ішінде несиені алушының несиені қайтару жөніндегі міндеттемелері (тұрақты табыс көзі бар бір немесе бірнеше жұмысқа қабілетті адамның немесе заңды тұлғаның сенім білдіруі) қамтылатын үшжақты келісім жасалады. Оқу бітіргеннен кейін банк Сіздің оқуыңызға жұмсалған бюджеттік қаржылардың жалпы сомасын көрсетіп, хабарлама береді

Жеке грант	Тек талапкерге ғана емес, сонымен бірге кез-келген курс студентіне бір семестрден бірнеше жылға дейінгі уақытқа берілуі мүмкін. Мұндай жоғары сенімді жоғары оқу үлгерімімен және үлгілі тәртіппен ақтау қажет. Егер семестр ойдағыдай аяқталмаса, онда грант беруші Сізге жұмсаған ақшасын қайтарып алуға немесе оны басқа студентке беруге құқығы бар.
Жеке қаржы	Жоғары оқу орнында білім алу ақысы жеке қаржы есебінен төленеді

Сонымен қатар, шетелде білім алуға арналған халықаралық «Болашақ» стипендиясы бар. Бағдарлама шетелдің беделді университеттерінде қазақстандық кадрларды даярлауды көздейді. Оқуды бітірген соң олар мемлекеттік қызметте, халықаралық ұйымдар мен акционерлік құрылымдарда еңбек етеді, бұл елімізде жаңа басқарушылық және бизнес элитаның қалыптасуына ықпал етеді.

Халықаралық «Болашақ» стипендиясы оның түлектерінің мансаптық өсуі мен кәсіби өзін-өзі танытудың табысты кепіліне айналды. Осы бағдарлама бойынша Сіз мынадай елдерінде білім ала аласыз: АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Ресей, Австралия, Австрия, Венгрия, Дания, Испания, Италия, Канада, Қытай, Франция, Чехия, Швеция, Швейцария, Жапония және т.б.

«Болашақ» бағдарламасының стипендиаты атану үшін қажетті нәрселер.

1.	<i>ҮМІТКЕРЛЕР САНАТЫН ТАҢДАУ</i>	Барлығы 7 санат: <ul style="list-style-type: none"> • өз бетінше түсетіндер санаты • мемлекеттік қызметшілер санаты • ғылыми-педагогикалық қызметкерлер санаты • ЖОО түлектері санаты • мәдениет қызметкерлері санаты • БАҚ редакциясы қызметкерлері санаты • тағылымдамадан өтуге үміткерлер санаты
2.	<i>ҮМІТКЕРЛЕР САНАТЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРМЕН ТАНЫСУ</i>	Оқу бағдарламасы: магистратура, докторантура, резидентура <ul style="list-style-type: none"> • Жалпы жұмыс өтілі кемінде 2 (екі) жыл • Магистратура және резидентура – бакалавр/маманның орташа баллы 5,0-тен кемінде 4,50 (GPA 4,00/4,33-тен 3,37) • Докторантура – бакалавр/маманның орташа баллы 5,0-тен кемінде 4,00 (GPA 4,00/4,33-тен 2,67) • ЖОО-ның Ұсынылатын ЖОО тізіміне сәйкестігі • Шақырту бойынша мамандықтың Басым мамандықтар тізбесіне сәйкестігі

3.	<i>ТОЛЫҚ ҚҰЖАТТАР ПАКЕТІН ДАЙЫНДАУ</i>	<ul style="list-style-type: none"> • Өтініш-негіздеме • Үміткердің анкетасы • Жеке куәлік пен төлқұжаттың көшірмесі және түпнұсқасы • Еңбек қызметін растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесі • Дипломның нотариалды куәландырылған көшірмесі • Жұмыс берушінің ұсыным хаты • Медициналық анықтама 082/н
4.	<i>ҚҰЖАТТАРДЫ ҰСЫНУ</i>	<p><input type="checkbox"/> Құжаттардың түпнұсқаларын Халықаралық бағдарламалар орталығына немесе ХҚКО-ға тапсыру</p> <p><input type="checkbox"/> Құжаттардың скан-көшірмелерін «Электрондық үкімет» порталы арқылы жөнелту</p>
5.	<i>ІРІКТЕУ ТУРЫНЫҢ БАРЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРІНЕН ӨТУ</i>	<p>тур: Шет тілі</p> <p>I тур: Қазтест</p> <p>II тур: Психотест</p> <p>V тур: Тәуелсіз сараптама комиссиясымен әңгімелесу</p> <p>✓ тур: Республикалық комиссия отырысы</p>

ТҰРҒЫН-ҮЙ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тұрғын-үй сатып алу жолдары (мемлекеттік бағдарлама бойынша тұрғын-үй; жалға берілетін тұрғын-үй)

Қазақстанда тұрғын-үй мәселесі, әсіресе жастар үшін өте өзекті проблема болып қалуда. Жылжымайтын мүлік бағасының тұрақты түрде өсуі өмірге жаңа қадам басқан табысы аса жоғары емес жастардың өз бетінше тұрғын-үй сатып алуына мүмкіндік бермейді.

Міне, сондықтан да «Өңірлерді 2020 жылға дейін дамыту» Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде баспана қолжетімділігін арттыру үшін түрлі мүмкіндіктер қарастырлған. Атап айтқанда, мемлекеттік бағдарлама тұрғын-үй құрлысын салудың келесі негізгі бағыттарын қарастырады:

1. **Жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрғандар үшін тұрғын үй.**
2. **Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі желісі бойынша тұрғын үй:**
 - ✓ халықтың барлық санаттары үшін;
 - ✓ жас отбасылар үшін.
3. **«Қазақстан ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ (бұдан әрі – «ҚИК» ИҰ» АҚ) тұрғын үйі:**
 - ✓ сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй;
 - ✓ сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй.
4. **«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тұрғын үйі.**
5. **Авариялық тұрғын үйді бұзу жөніндегі пилоттық жобалар шеңберіндегі тұрғын үй.**
6. **Жеке меншік тұрғын үй.**

Қолжетімді баспана бағдарламасын іске асырудың түрлі бағдарламалары үшін қатысушыларға арналған түрлі талаптар бар. Қатысу ерекшеліктері туралы «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қорының - www.fnsk.kz; Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің - <http://www.hcsbk.kz/> сайттарынан, сондай-ақ «Өңірлерді 2020 жылға дейін дамыту бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы №728 қаулысынан толығырақ білуге болады.

Мысалы, «Өңірлерді 2020 жылға дейін дамыту» бағдарламасы шеңберінде Жылжымайтын мүлік қоры тұрғын үйді өткізудің екі нұсқасын қарастырады:

- ✓ тікелей сатып алу,
- ✓ сатып алу құқығымен жалға беру.

Пәтерлерді сату кезінде Жылжымайтын мүлік қорының тұрғын үйі бірінші кезектегі тәртіппен жергілікті атқарушы органдар (ЖАО) арқылы кезекте тұрғандар арасында өткізілетін болады. Яғни Жылжымайтын мүлік қоры ЖАО арқылы сату үшін салған пәтерлерін әкімдікке береді, ал әкімдік өз кезегінде кезекте тұрған азаматтар арасында осы пәтерлерге үміткерлер тізімін жасайды.

Әкімдікте өтпеген пәтерлер Жылжымайтын мүлік қорының ішкі қағидаларына сәйкес бөлінетін болады (www.fnsk.kz сайтында электрондық өтінімдерді қабылдау арқылы).

Жылжымайтын мүлік қорының желісі бойынша электрондық кезектілікке тұру үшін мыналар қажет:

- ✓ ХҚКО-дан электрондық-сандық қолтаңба алу;
- ✓ ЭСҚ файлдарымен жұмыс істеу мүмкіндігін беретін (Java) бағдарламалық жасақтамасын орнату/ соңғы нұсқасына дейін жаңарту;
- ✓ ЭСҚ көмегімен www.fnsk.kz сайтына тіркелу;
- ✓ Жылжымайтын мүлік қоры жариялаған мерзімде өтінім беру.

Мемлекеттік бағдарлама бойынша берілетін тұрғын үй бағасы нарықтық бағамен салыстырғанда әлдеқайда арзан және, бұл ретте, оның ақысын төлеу талаптары өте жеңілдетілген.

Мысалы, Жылжымайтын мүлік қоры сатып алу құқығымен жалға беру кезінде мынадай шарттарды ұсынады:

<i>Өңірлерде, Астана және Алматы қалаларынан басқа</i> (құрылыстың өзіндік құны 1 ш.м. үшін 120 000 теңге болған кезде)	Сатып алу құқығымен жалға алынатын жылдар саны			
	5 жыл	7 жыл	10 жыл	15 жыл
<i>Жалдау төлемі</i> 1 ш.м. үшін (теңге)	2 528,57	1 975,68	1 572,70	1 278,87

① Келесі жайттарды ескеру қажет:

1. Азаматтарға осы екі бағыттың ішінен біреуін ғана таңдауға және бағдарламаның кез келген бағыттары бойынша меншігіне **ең көбі бір пәтер** сатып алуға мүмкіндік беріледі.

2. Кейбір жағдайларда жылжымайтын мүлік сатып алынатын мекенжай бойынша тіркелу талап етілуі мүмкін.

3. Мемлекеттік бағдарлама бойынша сатып алынған тұрғын үйді 2-3 жыл ішінде сатуға болмайды.

4. Ауылдық жерлердің кадрлық әлеуетін жоғарылату ауылдық жерлерге жұмыс істеуге және тұруға келген әлеуметтік сала және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына **көтерме жәрдемақы төлеу және тұрғын үймен қамтамасыз ету** түрінде мемлекеттік қолдауды көздейді. Осы бағытты мемлекеттік қолдау «Дипломмен ауылға» жобасының және облыстардың аумақтарын дамыту бағдарламаларының шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Тұрғылықты жерге қалай тіркелу қажет?

Тіркелу институты (азаматтарды тұрғылықты жері бойынша тіркеу) – көші-қон процестерін және өңірлік дамуды жоспарлауды мемлекеттік бақылаудың маңызды элементі.

Азаматтардың тұрғылықты жерін тіркеу пәтерді меншікке сатып алуды растайтын немесе оны пайдалануға алуға дәлел болатын құжаттар негізінде, соның ішінде жалдау (жалға алу) шарты бойынша немесе пәтер иесінің (жалға алушының) жазбаша келісімі бойынша жүзеге асырылады. Мынадай жерлерде тіркелуге болады:

- тұрғын үйлерде және пәтерлерде;
- бақша шаруашылығы серіктестері және кооперативтерінің саяжай құрылыстарында;
- жатақханаларда, қонақүйлерде, шипажайларда, профилакторийлерде, емдеу мекемелерінде, интернат-үйлерде, пансионаттарда, қарттар үйінде, қызметтік ғимараттарда және бөлмелерде.

Осылайша өз пәтеріңіз жоқ болғанда жалға алынатын пәтерде, сондай ақ жұмыс орнында жатақхана немесе қазыналық пәтерде тіркелуге болады.

Тіркелу және тіркеуден шығу рәсімі Халыққа қызмет көрсету орталықтарында жүзеге асырылады. Тіркелу сәтінде, егер пәтер сізге тиісті болмаса пәтер иесі немесе оның сенімді тұлғасы міндетті түрде қатысуы керек. **Тіркелу үшін келесі құжаттар қажет:**

1. Үй иесінің келісімімен тіркеу туралы өтініш.
2. Тұрғын үй иесінің жеке куәлігі (тұрғын үй иесінің жеке қатысуы міндетті).
3. Оның тұрғын үйді белгіленген тәртіпте меншікке алуын растайтын немесе ҚР заңнамасында көзделген өзге негіздер бойынша тұрғындарға қоныстану құқығын ұсынатын құжаттар (түпнұсқа және көшірме).
4. Мекенжай анықтамасы.
5. Жеке басты куәландыратын құжаттың түпнұсқасы және көшірмесі (16 жасқа дейінгі балалар – туу туралы куәлік);
6. 0,1 АЕК мөлшерінде мемлекеттік бажды төлеу туралы түбіртек (мемлекеттік баждан босатылатын тұлғалар растау құжаттарын ұсынады).

Әскери міндеттілер қосымша ұсынады:

- әскери есепке қабылдау туралы әскери басқарманың жергілікті органының белгісі бар әскери билет (әскерге шақырылушыларды тіркеу куәлігі) (түпнұсқа және көшірме);
- келу парағына статистикалық талон.

❶ Тіркеусіз тұрғандарға, сондай-ақ тұрғын үй иесінің шын мәнінде онда тұрмайтын жеке тұлғаларды тіркегені үшін айыппұл салынатынын ескеру қажет. Сондықтан, тұрғылықты орынды ауыстырған кезде он күн мерзім ішінде жаңа тұрғылықты жерге тіркелу қажет.

Отбасылық экономика негіздері. Үй бухгалтериясын жүргізу. Шектеулі қаражат жағдайында тұрғын-үйді қалайша жайлы етуге болады

Қазіргі уақытта коммуналдық қызметтер шығындары өсіп келеді және кәдімгідей қалтаны қағады. Бірақ та, ең қажетті нәрседен де ақшаны үнемдеуге әдеттенуге болады.

❖ *Электр энергиясы*

Пәтерде біздің жайлы өмір сүруімізді қамтамасыз ететін және тұрмысымызды жеңілдететін электр құралдары мен тұрмыстық техникалар көптеп саналады. Электроника біздің уақытымызды молынан үнемдейді, бірақ бұның есесіне бізге жұмсалған электр энергиясы үшін қомақты сомаға түбіртектер келеді.

Қалай үнемдеуге болады? Ең алдымен әжетханадағы, жуыну бөлмесіндегі және қосалқы бөлмедегі лампаны қуаты аздауымен алмастырыңыз (60 Вт). Жағдайға үйрену үшін осының өзі жеткілікті болып табылады. Жарықты мол қажет ететін бөлмелерде энергия үнемдейтін лампаларды қойыңыз. Олар қарапайым лампаларға қарағанда шамалы қымбаттау, бірақ қолданатын қуаты төменірек, оның үстіне олар өте сирек күйіп кетеді. Егер Сіз кешкісін оқығанды ұнататын болсаңыз, аспашамды қосудың қажеті жоқ, сәнсәулені (торшер) немесе үстелүсті шамдарын пайдаланыңыз. Шәйнекке суды толтырып құйып қайнату қажет емес, өзіңізге қажетті мөлшерде ғана қайнатыңыз – бұл да айтарлықтай үнемдеу болып саналады.

Сіз жиі пайдалана бермейтін DVD-плеер, музыкалық орталық секілді аппараттар ток көзіне тұрақты қосылып тұрған болуы мүмкін. Бұл құралдардың барлығы төмен болса да электр қуатын пайдалану режимінде тұр. Сонымен қатар, терезелер мен балкон есігін қыс мезгіліне дайындаңыз, сонда Сізге жылытқыш пешті пайдаланудың қажеті болмайды.

❖ *Жылу*

Егер Сіздің жылу есептегіш құралыңыз жоқ болса, Сіз оны қанша үнемдегіңіз келгенімен, жылуға төленетін шоттарда бұл мүлдем ескерілмейді. Жылу есептегішті орнатудан бөлек, жылуды үнемдеуге оны төмендетуге бағытталған барлық құралдар көмектеседі. Жылу беруді реттеу мүмкіндігіне ие болу үшін реттегіш радиатор орнату ұсынылады. Сонда жылу қажеттілігіне қарай берілетін болады да, жылуды қалай үнемдеу керектігі туралы мәселе оны құр бекер пайдалану мәселесіне келіп тіреледі. Көбіне, жылы ауа жылдың суық мезгілдеріне терезе және есіктер арқылы өтіп кетеді. Егер Сіздің қаражатыңыз жеткілікті болса, жаңа заманауи терезелерді орнатыңыз – бұл шығынды азайтады. Егер қаражат жеткіліксіз болса, жыл сайын суық түсер алдында терезелер мен кіреберіс есіктің саңылауларын бітеп шығыңыз.

❖ *Су*

Пәтерде су өлшегіш құралды орнату отбасылық бюджетті молынан үнемдеуге септігін тигізеді. Егер Сіздің отбасыңызда жазды саяжайда өткізу дәстүрге айналған болса, есептегіш құрал мұнда да үнемдеуге мүмкіндік береді.

Шүмектерді бұрап жабуды ұмытпаңыз. Шүмектерді жөндеу немесе ауыстыру, сондай-ақ су өтуді жою аса маңызды. Және ең бастысы – суды бекер ысырап пайдаланбауға тырысыңыз. Есептегіш құралдарды өздігіңізше орнатуға


әрекет етпеңіз. Белгіленген ережелерге сәйкес, пәтерге есептегіш құралдарды тиісті лицензиялары бар ұйымдар ғана орната алады.

❖ Газ

Газ есептегіш құралын орнату да шығындарды азайтуға септігін тигізеді. Газ есептегіші бар пәтер иесі ай сайын оны орнатпағандарға қарағанда азырақ төлейді. Есептегішті орнату аса қиын емес. Бұл үшін қалалық газ қызметіне есептегіш құрал орнатуға және үйді газдандыру жобасына тиісті өзгертулер енгізуге жазбаша өтінім тапсыру талап етіледі.

Үйдегі қаржы есебі үшін жай ғана үй бухгалтериясын жүргізу жеткілікті. Бұл – өте қарапайым шаруа. Сіз әсерлі әрі қызықты шаруаның басын біріктіре аласыз, өз қалтаңыздағы ақшаның неге жұмсалып жатқанын білетін боласыз, бұл проблеманы қалай шешуге болатынын түсінесіз. Ең бастысы – осы іспен шұғылдану арқылы Сіз барлық қарыздарыңызды жабуға, өз қаражатыңызды жинақтай бастауға қол жеткізесіз. Ең алдымен, табыстарыңызды, яғни отбасына келіп түсетін барлық қаражатты толығымен есептеңіз.

Өз қаржыңызды сауатты есептеуге арналған негізгі принциптер.



Үй бухгалтериясын жүргізу тәсілдері:


1. *Қағаздағы үй бухгалтериясы* – өте ыңғайлы бюджеттік тәсіл, себебі тек қалам мен дәптерге ғана шығынданасыз, тек жалғыз кемшілігі – жалпы соманы өзіңіздің есептеуіңізге тура келеді
2. *Excel-дегі үй бухгалтериясы* – егер Сіз компьютерді жақсы меңгерген болсаңыз, үйдегі бухгалтерлік есепті Excel кестесі түрінде жүргізуіңізге болады, бірақ бұл үшін осы бағдарламада жұмыс істеу қабілетіңіз болуы тиіс
3. *Үй бухгалтериясына арналған бағдарламалар* – соңғы уақытта үй бухгалтериясын жүргізуге арналған арнайы бағдарламалар құрылуда, олардың кейбірін тегін жүктеп алуға болады, кейбірі олардың кеңейтілген нұсқасы үшін ақы төлеуді талап етеді.

Негізгі отбасылық шығыстар, әдетте, төрт бөлік бойынша есептеледі.

Міндетті шығыстар	Коммуналдық қызмет төлемдері, оқуға немесе балалар мекемелеріне төленетін ақы, егер бар болған жағдайда міндетті шоттарды, несиелерді төлеу және т.б. Бұл бөлік негізгі және іс жүзінде тұрақты болып табылады
Негізгі шығыстар	Тамақтануға, дәрі-дәрмекке, курстарға, үйірмелерге, киімге, көлікке, телефонға, Интернетке, үй шаруашылығын жүргізуге кететін шығыстар, күнделікті өмірге қажетті ақша және т.б. Азық-түлікті бір аптаға жететіндей сатып алуға болады. Бұл үшін ақша аз жұмсалады және шығыстарды бақылау жеңілдейді
Жинақ ақшалар	Шұғыл жағдайларға жинайтын ақша, мысалы, жөндеу жұмыстары, еңбек демалысы немесе қомақты сатып алулар
Ерікті шығыстар	Ойын-сауыққа, сыйлықтарға, қонақ күтуге жұмсалатын ақша

Өз отбасыңызда ақшаның қалай бөлінетінін түсіну үшін үй бухгалтериясын жүргізіп көріңіз. Аталған шығыстарға жұмсалатын сомадан тыс жұмсамауды алдыңызға мақсат етіп қойыңыз.

Қаражатты мынадай қулықпен бөлуге тырысып көріңіз.



Табыстар туралы және келісілген шығыстар туралы нақты түсінік қалыптаспаған, ал «кездейсоқтыққа» ұрыну әдетке айналған жағдай қарды мәселесінде жиі қателесуге алып келеді.

Отбасындағы жиі кездесетін қателіктің бірі – ақша жұмсауың, заттар сатып алудың, төлемдердің кезектілігін белгілеуге қауқарсыздық. Отбасы мүшелері

барлығын бір кезде орындауды қалайды да, нәтижесінде қажетті нәрсенің өзіне қол жеткізе алмай сан соғып қалады.

Ақшаны алдын ала бөліп қойып, қалаған нәрсені жеңілдікпен, жаппай сату құнымен сатып алмай, жоспарлауды елемейтін жайттар да осындай нәтижеге алып келуі мүмкін.

Сонымен қатар, шектеулі қаражат жағдайында тұрғын-үйді осылайша жайлы етуге болады:

✚ Ескі диванды жапқышпен өзгерту және оны жастықтармен толықтыру тым жеңіл.

✚ Ас бөлмесіндегі орындықтарға да жастықтар қоюға болады, әсіресе құмырадағы тірі гүлдермен, сондай-ақ түрлі-түсті балауыздармен үйлесімді ету тиімді, олар бөлменің ішкі көрінісін жандандыра түседі.

✚ Жуынатын бөлмеде жағдай мүлдем жеңіл: ашық түсті сүлгі, кілемше және ваннаға арналған жаңа перде жеткілікті – бөлме жаңартылған әрі көңілді көрінеді.

✚ Ал, балалар бөлмесіне жапсырмаларды пайдалануды ұсынамыз. Олар соңынан із қалдырмай, жеңіл алынады. Әрине, сюжеттерді баламен бірге таңдаған дұрыс. Ойыншықтар мен балалардың салған суреттері бөлмені толықтыра түседі әрі өзінше көрік береді.

✚ Алмалы-салмалы ілгішке картиналар ілуге болады.

✚ Ескі орындықтар мен үстелді жеңіл ғана сүргілеп, Өзіңізге ұнайтын кез келген түске бояуға кеңес береміз, қара түсті, ақ түсті бояулар – барлығын шаруашылық дүкендерінен табуға болады, ал егер автокөлік бояуға арналған баллонмен орындықты алтын түсті етіп бояуға да болады.

ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ

Жұмыс іздеу. Түйіндемені/портфолионы қалай дұрыс құру қажет. Әңгімелесу кезінде өзінді қалай ұстау керек

Жаңа жұмыс іздеуге кірісер алдында дайындалу және алдағы қадамдарыңызды ой елегінен өткізу аса маңызды. Өзіңізге қажетті бағдарларды таңдай отырып, келесі нәрселерге назар аударғаңыз жөн.

1. Өз мақсаттарыңызды жіті ойланыңыз. Өзіңізге мынадай сұрақтарды қойыңыз: Сізге қызметтің қай түрі қызықты, Сіз қай салада жұмыс істегіңіз келеді, Сіз өзіңізге қандай деңгейде жауапкершілік алуға дайынсыз, Сіз өзіңізге қандай рөл бересіз, Сізге еңбек ақысының қандай деңгейі тиімді және т.б.

2. Түйіндеме дайындаңыз. Жаңа жұмыстың ықтимал нұсқалары туралы нақты ұстанымға келгеннен кейін, түйіндемеңізді дайындаңыз. Қарапайым шындықты есте ұстаңыз: жақсы түйіндеме – Сіздің жұмысты тиімді іздеуіңіздің бастапқы қадамы.

3. Жұмыс іздестіруге кірісіңіз. Бірнеше кеңесті назарға алыңыз.



Газеттердегі хабарландыруларды қарап шығыңыз



Интернет-сайттардағы хабарландырударды қараңыз



Газетте және сайттарда өз түйіндемеңізді жариялаңыз



Кадр агенттіктеріне хабарласыңыз



Өз қалаңыздағы немесе ауданыңыздағы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне хабарласыңыз



Өз кандидатураныңызды ұсынып, достарыңыз бен таныстарыңызға жұмыс іздеп жатқаныңыз туралы хабарлаңыз

Жұмыс іздеуге арналған каналдар көптеп саналады, бірақ жұмыс туралы сан алуан хабарламалар ішінен қалай дұрыс таңдау жасауға болады?

Ең алдымен өзіңізді барынша қызықтырған ұсыныстарды іріктеп алыңыз. Бастысы (!) алаяқтардың құрығына түспеу, сондықтан тым жоғары жалақы немесе жылдам табыс табуды ұсынатын хабарламаларды тізімнен бірден сызып тастаңыз. Бастапқы капитал салуды талап ететін немесе, керісінше, Сізден ештеңені, соның ішінде білім және жұмыс тәжірибесін талап етпейтін хабарландыруларға байыппен мұқият қараңыз.

Сонымен қатар, шын мәнінде нақты ұйымдар көрсетілмеген жұмыстарды ұсынатын хабарландырулар жиі кездеседі, ал аралық дәнекер рөлінде қызмет ететін кадр агенттіктерінің мүддесі ақылы қызмет көрсетуді көздейді. [Кадр агенттіктері арқылы жұмыс іздеу](#) көбіне толығымен ақтайды, сондықтан оларды назарға алыңыз.

Өзіңізге қажетті бос орындарды таңдап алған соң телефон соғып, хабарласыңыз және хабарландыруда ашып көрсетілмеген жайттарды нақтылаңыз. Егер Сізді барлығы қанағаттандыратын болса, онда әңгімелесу үшін кездесу уақытын келісіңіз.


Өзіңіздің жұмыс іздейтіндігіңіз туралы хабарландыру орналастыруыңыз да тиімді болып табылады. Газеттер мен Интернет-сайттардағы жұмыс туралы хабарландыруларды персоналдар жөніндегі менеджерлер, кадр бөлімінің қызметкерлері тұрақты түрде қарап отырады.

Кездескен қиындықтарға қарамастан, жұмыс іздеуді жалғастырыңыз. Әр апта сайын жаңа бос орындар туралы хабарландырулар кездестіру мақсатында жаңа газетті сатып алыңыз немесе Интернет беттерін қарап шығыңыз. Сізге бар күш-жігеріңізді жұмсауға тура келеді, сонда ғана қысқа мерзім ішінде жұмыс табылуы ықтимал.

Түйіндеме кез келген жұмысты іздеу барысында бастапқы мәнге ие, себебі түйіндеме арқылы әлеуетті жұмыс беруші жұмыс іздеуші туралы алғашқы әсер алады. Түйіндемеде Сіз көрсеткен деректерден алған әсерінің негізінде жұмыс беруші Сізді сұхбаттасуға шақыру немесе кандидатурадан бірден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Жақсы түйіндеме бес құрамдас бөліктен тұрады: мақсаты, қысқаша сипаттама, кәсіби тәжірибе, білім және қосымша бөлім: мұнда Сіз өз қалауыңыз бойынша Өзіңіздің ерекше дағдыларыңызды атап көрсете аласыз, Өзіңіз қатысқан тренингтерді көрсетуіңізге, жеке басқа қатысты кейбір ақпараттарды ұсынуыңызға болады.

Түйіндеме құру келесі талаптарға жауап беруі тиіс.



Түйіндеменің ең басты құпиясы: түйіндемені жұмыс іздеушінің кандидатурасы ретінде емес, белгілі бір ұйымның қызмет ерекшелігін ескере отырып, нақты жұмыс берушінің талаптарына сәйкес құрастыру қажет.

Алғашқы бұзылмайтын талап: түйіндеме А4 форматта бір, ары кеткенде екі беттен аспауы және негізгі ақпарат бірінші беттен табылуы тиіс.

Егер Сіздің түйіндемеңіз көлемі жағынан толық емес бір беттен тұратын болса, ақпаратты мәтін бір бетті толығымен алатындай етіп орналастырған жөн.

Түйіндемеге қойылатын бұлжымайтын талап – бұл рәсімдеудің қатаң стилі. Бір ғана қаріпті пайдаланыңыз, мүмкіндігінше Times New Roman немесе Arial. Түрлі қаріптердің аралас келуі, сонымен қатар түрлі өлшемде болуы оқылуын қиындатады.

Қаріп өлшеміне келетін болсақ, түйіндеме үшін 12-ші өлшемдегі қаріп стандартты болып табылады. Мазмұны толығымен бір ғана өлшемде болғаны дұрыс. Түйіндеменің әрбір бөлігін алдыңғысынан бөліп көрсетіңіз. Тақырыптарды майлы немесе асты сызылған қаріппен ерекшелеп көрсеткен жөн. Есте сақтаңыз, түйіндеме қарапайым түсінікті тілде жазылуы тиіс.

Ұзақ күткен әңгімелесуге шақыру кәсіпорынның Сіздің кандидатураның ашық қызығушылығы тудырғанын білдіреді. Осы сәттен бастап Сіздің алдыңызда әлеуетті жұмыс берушінің көңілін қайтармау және оған бастапқы таңдау кезінде қателеспегенін дәлелдеу түріндегі нақты міндеттер тұрады.

❖ ӘҢГІМЕЛЕСУГЕ ДАЙЫНДАЛУ



Мекеме туралы және алдағы жұмыс туралы мүмкіндігінше көбірек біліп алыңыз



Қызықтыратын компанияның орналасқан жерін алдын ала анықтап алыңыз. Кешігіп қалмас үшін мекемеге дейінгі жолға кететін уақытты есептеңіз



Әдеттегіден ерте ұйықтауға жатыңыз



Сіздің киіміңіз бейтарап болуы тиіс, іскерлік киім стилін ұстаныңыз: қатаң үлгі, байыпты түстер. Киімді кешкісін дайындап қойыңыз



Ықтимал кәсіби және жеке басқа қатысты сұрақтарға жауаптар әзірлеп қойыңыз



Өзіңізді қызықтыратын сұрақтарды дайындаңыз. Бұл сұрақтар көптеген сұхаттаушылар үшін Сіздің жауаптарыңызға қарағанда маңыздырақ

❖ ТІКЕЛЕЙ ӘҢГІМЕЛЕСУ ПРОЦЕСІ




Дене тұрысы

Сіздің дене тұрысыңыз мейлінше ашық болуы тиіс. Қолдарыңызды үстел үстіне немесе тізеңізге қойғаныңыз дұрыс. Қолдарыңыздың әрдайым «қайшыланып» байланысқаны немесе үстел астында жасырылуы дұрыс емес. Аяқтарыңызды орындықтың астында айқастырмай тіке және сенімді қойғаныңыз абзал.




Көзбен байланыс

Көзіңізді басқа жаққа тайдырмай, сұхбаттасушыға тіке қараңыз, бірақ көзбен «тесіп» қарауға болмайды.




Қол ишараты

Шамадан аспайтын және орынды қол ишараты Сіздің сөзіңізді барынша сенімді етеді. Қолыңызда бір затты ұстап, жұлқыламаңыз.




Бет қимылы

Түнерген және тым салмақты кейіп көрсетпеңіз. Егер Сіз күлімсіресеңіз, онда өзіңізді байсалды және өз-өзіне сенімді адам ретінде көрсетуге мүмкіндіктеріңіз мол. Алайда, әрдайым күлімсіреп отыру дұрыс емес – ол орынсыз көрінуі мүмкін.



Сөйлеу

Тек сенімді ақпараттарды ғана айтыңыз, сұрақтарға анық, нақты, түсінікті, сенімді, дәлелді жауап беріңіз, сыбырлап немесе қатты сөйлемеңіз. «Жоқ» деген сөзді қолданбауға тырысыңыз. Ешкімді сынамаңыз. Тақырыпқа сай жауап беріңіз және логикалық ойды қадағалап отырыңыз.



Сыпайылық

Әңгімелесудің басында сәлемдесіңіз, өзіңізді таныстырыңыз, соңында – уақыт бөлгені үшін алғыс айтыңыз, қоштасыңыз.

Жастар ресурстық орталығына және жұмысқа орналастыру бюросына хабарласу ережесі. Мемлекеттік біліктілік арттыру курстары

Жұмыс іздеу жұмыс тәжірибесі бар үміткерлер үшін күрделі міндет болып табылады, ал тәжірибіесі жоқ жас мамандар одан көбірек қиындықтарды бастан кешіреді. Жұмыс іздеу үшін заманауи тәсілді – күн сайын бос орындар туралы хабарландырулар жаңартылып отыратын интернет ресурстарын, не газеттердегі хабарландырулар бойынша жұмыс іздеу әдісін пайдаланыңыз.

Алайда, ең қолайлы нұсқасы Жастар ресурстық орталығына немесе өз өңіріңіздегі, қаладағы немесе облыстағы Жұмыспен қамту орталығына хабарласу болып табылады. Мұнда ақысыз қайта даярлаудан өтіп, жаңа мамандық иегеруге болады. Сонымен қатар, оқу немесе жұмысқа орналасу мақсатында келген жас тұлғаларға авто және теміржол вокзалдары ғимараттарында ашылған жастарды жұмысқа орналастыру мобильдік орталықтары көмектеседі.

Сондай-ақ, жұмысқа орналастыру бюросына хабарласуға болады: ізденушілер үшін тіркеу тегін, ақысы алғашқы жалақының 30%-ын құрайды. Тіркелу үшін өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіздің көшірмесі, түйіндеме немесе еңбек кітапшасы, фотоңыз болуы тиіс.

Бұған қосымша Сіз ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің ресми интернет-ресурсының «Жұмыс» қосымша бетінен бос орындар туралы толық ақпаратты таба аласыз және өз түйіндемеңізді қалдыра аласыз. Сайттың сілтемесі: <https://www.enbek.kz/>.

Сонымен қатар, жас тұлғалар үшін «Жұмыспен қамту жол картасы - 2020» мемлекеттік бағдарламасы бойынша кәсіби даярлау немесе қайта даярлау курстары тегін жүргізіледі.

Бағдарламаға қатысу барысында Сіз өз біліктілігіңіздің жұмыс беруші қойған талаптарға мүлдем сәйкес келмеуіне еш уайымдамасаңыз да болады, себебі бағдарламаның бұл бағыты мыналарды көздейді:

- ❖ біліктілікті арттыру, кәсіби дайындық және қайта даярлаудың тегін курстары;
- ❖ кәсіби оқытуға материалдық көмек ұсыну.

Кәсіби оқыту ұзақтығы оқу бағдарламасының мазмұнына байланысты белгіленеді:

- кәсіби дайындықтан өту кезінде – 12 ай;
- қайта даярлау кезінде – 6 ай;
- біліктілікті арттыру кезінде – 3 ай.

Сонымен қатар, Сіз өз өңіріңіздегі (облыс/қала) Халықты жұмыспен қамту орталығына хабарласа аласыз, ол Сізді мыналарды қамтитын кәсіби оқытуға бағыттайды:

- Мамандығы жоқ немесе еңбек нарығында сұранысқа ие емес мамандығы бар; мамандық игеруді және сол мамандығы бойынша жұмыс істеуді қалайтын адамдарды кәсіптік даярлау. Оқыту ұзақтығы – 10 ай
- Жаңа мамандықтар меңгеру мақсатында қайта даярлау.
Қайта даярлау ұзақтығы – 3 ай
- Біліктілік арттыру – анағұрлым жоғары разряд (сынып, санат) алу, озық техника мен технологияны зерттеу және игеру мақсатында өндірістік қажеттілікке қарай кәсіби шеберлігін жетілдіру. Оқыту ұзақтығы – 1-3 ай.

Жұмыссыз тұлға беделі

Жұмыссыздық адамның тұмыстық жағдайын ауырлатады, бірақ бұл бар үмітті үзіп, торығуға себеп болмауы тиіс. Мұндай жағдайға тап болған және түрлі себептермен жұмыс таба алмай жүрген жандарға мемлекет тарапынан көмек көрсетіледі, бұл азаматтардың табыс көзінің болмауына байланысты уақытша қиындықтарды жеңіл өткізуге мүмкіндік береді.

Осы мақсатта ең алдымен жұмыссыз беделін алу қажет.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР Заңына сәйкес, **жұмыссыздар** – кіріс әкелетін еңбек қызметімен айналыспайтын, жұмыс іздеп жүрген және еңбек етуге әзір, еңбекке жарамды жастағы жеке тұлғалар болып табылады.

Жұмыссыз беделі не береді? Ол мынадай құқықтар береді:

- ✓ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау;
- ✓ уәкілетті органдардың делдалдығы арқылы жұмыс таңдау мен жұмысқа орналасуға жәрдемдесу.

Не істеу қажет?

Жұмыс іздеп жүрген адамдар тұрғылықты жері бойынша не «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жұмысқа орналасуына жәрдемдесу үшін уәкілетті органға өтініш жасайды.

Уәкілетті орган жұмыс іздеп жүрген адамды жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде, ал «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы өтініш жасаған кезде электрондық құжат нысанындағы өтініш негізінде жұмыссыз ретінде тіркеуді жүзеге асырады.

Уәкілетті орган өтініш берушіні жұмыссыз ретінде тіркеген және есепке қойған немесе тіркеуден бас тартқан күннен бастап:

- 1) «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы өтініш жасаған кезде бір жұмыс күнінен;
- 2) уәкілетті органға өтініш жасаған кезде үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

Уәкілетті органда тіркелген жұмыссыздар – күнтізбелік 10 күн ішінде кемінде бір рет **уәкілетті органда**, ал ауылдық елді мекендерде тұратын жұмыссыздар айына кемінде 1 рет ауыл әкімінде белгіленіп тұруға тиіс.

Уәкілетті орган жұмыссыздарға лайықты жұмыстармен бірге (яғни, кәсіби даярлығына, тәжірибесіне, еңбек өтіліне, денсаулық жағдайына, көліктің қолайлығына сәйкес келетін) төмендегідерді ұсынуы мүмкін:

- 1) әлеуметтік жұмыс орны (уақытша жұмыс);
- 2) жастар практикасы (білім беру ұйымдарының түлектері алған уақытша жұмыс);
- 3) егер олардың қажетті кәсіптік біліктілігі болмауына байланысты лайықты жұмыс таңдау мүмкін болмаған жағдайда кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру;
- 4) қоғамдық жұмыстар.

❶ Жұмыссыз беделін алу – бұл жай ғана көмек алу емес, белсенді жұмыс іздеуге арналған уақыт екенін естен шығармаңыз.

Міне, сондықтан **уәкілетті орган келесі жағдайларда жұмыссызды бұл беделінен айыра алады:**

- 1) лайықты жұмыстың ұсынылған екі түрінен жазбаша түрде бас тартқанда;
- 2) уәкілетті орган жолдама берген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде дәлелсіз себептермен ұсынылған жұмысқа орналасуға немесе оқу орнына келмегенде;
- 3) шақыру бойынша жұмысқа, оқуға жолдама алу үшін бес жұмыс күні ішінде дәлелсіз себептермен уәкілетті органға келмегенде;
- 4) жұмыссыз уәкілетті органның жолдамасы бойынша қоғамдық жұмысқа қатысуды немесе оқуды дәлелсіз себептермен өз бетінше тоқтатқанда;
- 5) жұмыссыздар уәкілетті органға келіп тұру мерзімдерін дәлелсіз себептермен бұзғанда;
- 6) тұрғылықты жері өзгергенде;
- 7) жұмыспен қамтылғандар санатына жатқызылғанда;
- 8) жұмыссыз бас бостандығынан айыру түріндегі жазамен сотталғанда не сот шешімі бойынша мәжбүрлеп емдеуге жіберілгенде;
- 9) зейнетақы тағайындалғанда.

Еңбек шартын рәсімдеу ережесі

Еңбек шарты жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы еңбек қатынастарын реттеуде негізгі мәнге ие болады. Міне, сондықтан осы актіні жасау рәсінде бірінші кезекті мән беру қажет.

Әрбір жұмыскер өзіне еңбек шартымен жүктелетін құқықтар мен міндеттемелерді жалпы түрде болса да білуі тиіс.

ҚР Еңбек кодексі еңбек шартының мазмұнын айқын реттейді және ұны құрастыру кезінде «шығармашылыққа» жол берілмейді.

Еңбек шартының мазмұны міндетті түрде төмендегілерді қамтуы тиіс:

- 1) тараптардың деректемелері;
- 2) белгілі бір мамандық, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысы (еңбек функциясы);
- 3) жұмыстың атқарылатын орны;
- 4) еңбек шартының мерзімі;
- 5) жұмыстың басталу күні;
- 6) жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі;
- 7) еңбекке ақы төлеу мөлшері мен өзге де шарттары;
- 8) егер жұмыс ауыр жұмыстарға жататын болса және (немесе) зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жағдайларда орындалатын болса, еңбек жағдайларының сипаттамасы, кепілдіктер мен жеңілдіктер;
- 9) қызметкердің құқықтары мен міндеттері;
- 10) жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері;
- 11) еңбек шартын өзгерту мен тоқтату тәртібі;
- 12) кепілдіктер мен өтемақы төлемдері, оларды төлеу тәртібі;
- 13) сақтандыру жөніндегі талаптар;
- 14) тараптардың жауапкершілігі;
- 15) жасалу күні мен реттік нөмірі болуға тиіс.

Егер еңбек шартында **сынақ мерзімі** қарастырылатын болса, келесі жайттарды білу қажет. Сынақ мерзімі 3 айдан аспауы тиіс, ол еңбек өтіліне қосылады және оны келесі тұлғаларға қатысты белгілеуге болмайды:

- ✓ конкурстан өткендерге,
- ✓ 18 жасқа толмаған адамдарға,
- ✓ оқуды бітіргеннен кейін бір жылдан кешікпей жұмысқа алғаш кіретін адамдарға,
- ✓ мүгедектерге.

Еңбек шартын жасау кезінде жұмыс беруші қызметкерден **қажетті құжаттарды** талап етуге құқылы. Оның тізбесі Еңбек кодексінде реттелген және жұмыс беруші осы тізімге кірмейтін құжаттарды талап етуге құқысы жоқ:

- 1) жеке куәлік немесе паспорт (он алты жасқа толмаған адамдар үшін туу туралы куәлік), оралман куәлігі;
- 2) ықтиярхат немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігі не босқын куәлігі;

3) тиісті білімді, дағдылар мен машықтарды талап ететін жұмысқа еңбек шартын жасасу кезінде білімі, біліктілігі туралы, арнаулы білімі немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжат;

4) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек стажы бар адамдар үшін);

5) әскери есеп құжаты (әскери міндеттілер мен әскери қызметке шақырылуға жататын адамдар үшін);

6) алдын ала медициналық куәландырудан өткені туралы құжат (осындай куәландырудан өтуге міндетті адамдар үшін);

7) тұрғылықты не уақытша тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

8) кәметке толмағандар қатысатын білім беру, тәрбиелеу, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, дене тәрбиесі және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласында еңбек шартын жасасқан кезде соттылығының бар не жоқ екендігі туралы анықтама.

❶ Еңбек шартының, жұмыс беруші актілерінің ҚР еңбек заңнамасымен салыстырғанда қызметкерлердің жағдайын нашарлататын ережелері жарамсыз деп танылатынын және қолданылмауға тиіс екенін білген жөн. Еңбек шартының талаптары біржақты тәртіппен өзгертілмейді. Бұл үшін міндетті түрде қызметкердің келісімі талап етіледі.

Жеке бизнес. Жеке кәсіпкерлік

Қазақстанда бизнес-климаттың айтарлықтай жақсаруына қарай көптеген адамдар, әсіресе жастар өздерінің жеке істерін ашу туралы ойлануда. Бұл іс жүзінде жұмысқа орналасумен, әлеуметтік бейімделумен және жоғары сапалы тұрмысқа қол жеткізумен байланысты проблемалар кешенін толығымен шешеді.

Кәсіпкерлік жобаны іске асыруды бастамас бұрын мұқият дайындық жұмыстарын жүргізу қажет.

Психологиялық дайындық. Сіз өз бастамаларыңызды алға жылжыту үшін барынша күш-жігеріңізді салып, табандылық көрсетуге, бизнесті ұйымдастыруда, кең спектрлі мәселелерде оны жоспарлауда (маркетинг, қаржы, салық салу, жарнама және т.б.) жаңа білім мен дағдыларды меңгеруге әуел бастан дайын болуыңыз керек.

Бизнес-идея. Кез келген бизнес идеядан туындайды. Ол неғұрлым бірегей болса, оны соғұрлым үлкен табыстар күтіп тұрады. Бірақ бұл міндетті талап емес. Сіз ескі идеяның өзіндік ерекшелігі мен жаңаша ұстанымы арқасында ертеден қалыптасқан ортадан өз орныңызды таба аласыз.

Алдымен Сіз қандай тауарды немесе қызметті сатуға шығаратыныңызды анықтап алуыңыз қажет. Содан кейін маркетингтік зерттеу жүргізу керек: Сіздің тауарыңызды/қызметіңізді кімдер сатып алады, бұл нарықта қаншалықты сұранысқа ие, Сіздің бәсекелестеріңіз қанша және оларға қарсы тұруға Сіздің мүмкіндіктеріңіз қаншалықты. Осы кезеңде жылжытуда болжанатын табысқа қатысты өз идеяңызды жинақтауға мүмкіндік бар.

Қаржылық жоспарлау. Бұл кезеңде Сіз өзіңіздің бизнес-идеяңызды жүзеге асыру үшін қанша қаражат қажет екенін анықтауыңыз қажет. Бұл ретте тікелей де

(шикізат, тауар сатып алу, өндірістің құралдар, еңбек ақысын төлеу), жанама да (салықтар, әлеуметтік және зейнетақы төлемдері, коммуналдық шығындар, жалға алу және т.б.) шығындарды ескеру керек. Осы кезеңде Сіз өз «күшіңізді» және болашақта түсетін табыстың көлемін есептеуге мүмкіндігіңіз бар.

Бастапқы капитал. Өзіңізде бар болғаны немесе жақындарыңыздан қарызға алу мүмкіндігінің болуы жақсы екендігі сөзсіз. Егер жоқ болса, оны табу жолдарын қарастырғаныңыз жөн: не жинақтау есебінен, не банктен несиені алу.

Бұл жерде кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаларға басты назар аудару қажет. Мысалы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры бизнесті, соның ішінде жаңадан басталатын бизнесті дамытуға қолдау көрсету несиелерін ұсынады. «Даму» қоры бағдарламасының пайыздық мөлшерлемелері екінші деңгейдегі банктердің тікелей несиелерімен салыстырғанда айтарлықтай төмен. Несиені бойынша барлық ақпаратты Қордың сайтынан алуға болады - <http://www.damu.kz/>.

Кәсіпкерлік дағдыларды қалыптастыру. Егер Сіздің кәсіпкерлік тәжірибеңіз бар болса, бұның Сіз үшін пайдасы мол, ал егер тәжірибеңіз жоқ болса, оны жинақтау қажет: не сынақтар мен қателер әдісімен, не ресурстық немесе оқыту орталықтарына хабарласу арқылы. Бұндай жағдайда болашақ бизнесмендерді оқытуды жүзеге асыратын мемлекеттік жұмыспен қамту орталықтарына хабарласудың септігі мол. Көбіне әртүрлі ҰЕҰ гранттар есебінен жас кәсіпкерлерді оқытуды жүзеге асырады.

❶ Осы мәселелердің барлық шешімдерін тапқаннан кейін ғана Сіз өз бизнесіңізді тіркеуге кірісуіңізге болады. Және бизнесті заңсыз жүргізуге әрекеттенбеңіз, бұл заңға қайшы келеді және бұл үшін қылмыстық әрі әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Жеке кәсіпкерлік Қазақстанда бизнес жүргізудің ең көп тараған нысандарының бірі болып табылады, себебі оны жүргізу барынша қолжетімді және бизнес жолына қадам басқандар үшін ашық болып табылады.

Бұл бизнестің басқа нысандарынан несімен ерекшеленеді?

«Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР Заңына сәйкес жеке кәсіпкерлік – *жеке тұлғалардың* бастамашылық қызметі және мынадай белгілері бар:

- 1) кіріс алуға бағытталған,
- 2) жеке тұлғалардың өздерінің меншігіне негізделген;
- 3) жеке тұлғалардың атынан олардың тәуекелімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Жеке кәсіпкерлік жеке немесе бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асырылуы мүмкін. Яғни, Сіз өзіңіздің немесе жұбайыңызға ортақ мүлікті пайдалана аласыз, не басқа кәсіпкерлермен бірігіп, олармен бірге ортақ меншік құқығындағы мүлікті пайдалануыңызға болады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда ЖК тіркеу ешқандай қиындық тудырмайды.

Оны **egov.kz** Электрондық үкімет порталы арқылы жүзеге асыру тіпті жеңіл. Электрондық-цифрлық қолтаңбаңыз бар болса, Сіз өтінімді онлайн жіберуіңізге, сондай-ақ тіркеу алымын (2 АЕК, 2015 жылға АЕК 1 982 теңгені құрайды) төлеуіңізге болады. Хабарламаны өзіңіздің жеке кабинетіңізден аласыз.

Егер **ХҚКО** арқылы тіркеуден өтетін болсаңыз, Сізден келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі:

- 1) белгіленген нысан бойынша салықтық өтініш;
- 2) жеке куәліктің көшірмесі және түпнұсқасы;
- 3) мекенжай анықтамасы немесе не жылжымайтын мүлікке меншік немесе оны пайдалану құқығын растайтын құжат;
- 4) алым сомасының бюджетке төленгені туралы түбіртек.
- 5) кәмелет жасына толмағандар үшін ата-ананың, асырап алушының немесе қамқоршының келісімі қажет, ал ондай келісім болмаған жағдайда кәмелет жасына толмаған адамды толығымен іс-әрекетке қабілетті деп жариялау туралы сот шешімі.

Қазақстанда ЖК салық салу айтарлықтай жеңіл режимде жүзеге асырылады.

Сіз барынша қолжетімді екі нұсқаны таңдай аласыз:

- ✓ **патент бойынша 2%** (*жылдық табыс айлық жалақының 300 есе ең төменгі мөлшерінен аспауы тиіс және Сізге жалдамалы еңбекті пайдалануға тыйым салынады*),
- ✓ **жеңілдетілген схема бойынша 3%** (*жылдық табыс айлық жалақының 1400 есе ең төменгі мөлшерінен аспауы тиіс және Сіз жұмысшыларды жалдай аласыз*). 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы көлемі 21 364 теңгені құрайды.

і Егер Сіз ЖК жылдық табысының көлемін арттыратын болсаңыз, онда Сіз таңдаған патент және жеңілдетілген схема бойынша режимдер тоқтатылады және Сіз салықты жалпы белгіленген тәртіпке сәйкес төлейтініңізді естен шығармағаныңыз жөн.

Банкроттық жағдайда жеке кәсіпкер жарғылық қор көлемінде ғана жауап беретін ЖШС-мен салыстырғанда өз міндеттемелеріне өзінің барлық мүлкімен жауап береді.

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР

Мемлекеттік жәрдемақы түрлері. «Электрондық үкімет» қызметтері

Тұрмыстық жағдайы қиын азаматтарға көрсетілетін мемлекеттік әлеуметтік көмек әлеуметтік реттеуде маңызды рөл атқарады. Оның негізгі миссиясы – **объективті себептерге байланысты өз-өзіне жәрдемдесе алмайтындарға көмек көрсету** (мүгедектер, қарттар, жетімдер, көпбалалы аналар) және **уақытша қиындықтарды бастан кешіп жатқандардың өз аяқтарына тұруына мүмкіндік беру** (жұмыссыздар; отбасында асыраушысынан айырылғандар; жүкті әйелдер).

Мұндай азаматтарға мемлекеттік қолдау көрсету түрлі нысандарда жүргізіледі. Көбіне **жәрдемақылар мен төлемақылар** түрінде белгіленеді. Төлемақылардың жәрдемақылардан айырмашылығы – *жәрдемақылар* міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысатын және қатыспайтын тұлғаларға бюджет қаражатынан төленеді¹, *төлемақылар* болса әлеуметтік сақтандыру қоры қаражатынан жүзеге асырылады және тек міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы тұлғаларға ғана төленеді.

Мемлекет жәрдемақылар мен төлемақыларды үш негізгі бағыт бойынша төлейді:

- 1) балаларға тағайындалатын жәрдемақылар мен төлемақылар (жүктілік пен босануға, баланың тууына байланысты және 1 жасқа дейінгі баланың күтіміне);
- 2) отбасыларға әлеуметтік көмек;
- 3) мүгедектерге, ҰОС ардагерлеріне, социалистік еңбек ерлеріне, көп балалы аналар мен зиянды әрі ауыр еңбек жағдайларында жұмыс істейтін тұлғаларға тағайындалатын жәрдемақылар.

Бірінші бағыт бойынша жүктілік пен босануға байланысты төлемдер (жұмыс істейтін әйелдер үшін); баланың тууына байланысты жәрдемақы (жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін әйелдер үшін); 1 жасқа дейінгі баланың күтіміне төленетін төлемақы (жұмыс істейтін тұлғалар үшін); баланың тууына байланысты жәрдемақылар және (немесе) 1 жасқа толғанға дейінгі бала күтіміне байланысты жәрдемақылар (жұмыс істемейтін тұлғалар үшін).

Екінші бағыт бойынша жылдық табысы төмен отбасылардың 18 жасқа толмаған балаларына тағайындалатын жәрдемақы; мүгедек балаға тағайындалатын жәрдемақы; асыраушысынан айырылған жағдайда берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақылар; атаулы әлеуметтік көмек (жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын тұлғалар); тұрғын үй көмегі; жұмыссыздарға әлеуметтік көмек алуға болады.

Үшінші бағыт бойынша арнайы мемлекеттік жәрдемақылар (соғыс және тыл ардагерлері, мүгедектер, Чернобыль салдарларын жоюшылар, жауынгерлік іс-қимылдарға қатысушылар үшін); мүгедектікке байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, жасына байланысты мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақылар;

¹ «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс беруші әрбір заңды жұмыс істейтін қызметкері үшін әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар төлейді.

мемлекеттік арнайы жәрдемақы (жерасты және ашық тау кен орындарында жұмыс істеген немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істейтін тұлғалар үшін); жерлеуге төленетін бір реттік төлемақы төленеді.

Түрлі санаттағы әлеуметтік көмектің көлемдері мен төлеу тәртібі туралы Қазақстанның Электрондық үкіметі порталынан нақтырақ біле аласыз - <http://egov.kz/>.

Осы аталған жәрдемақыар мен төлемақыларды алу үшін ХҚКО немесе зейнетақы төлеу мемлекеттік орталығына (ЗТМО) хабарласу қажет.

Жалпы, мемлекеттік жәрдемақылар мен төлемақылар өмірлік қиын жағдайлардың кең спектрін қамтиды және оларды алушылардың қатысуын жеңілдетуге мүмкіндік береді.

БҰҰ Бүкіләлемдік рейтингінде 2014 жылы Қазақстан электрондық үкіметтің даму индексі бойынша 28-ші орынды иеленді. Бұл ақпараттық технологиялардың көмегімен мемлекет пен азаматтардың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың келісушілігін қамтамасыз ететін бір-бірімен өзара қарым-қатынасының бірыңғай тетігін қалыптастыру бойынша еліміздің атқарған еңбегіне деген құрметті білдіреді.

Электрондық үкіметтің негізгі орталығы Үкіметтің азаматтарға қызмет көрсетуде интерактивті алаңы ретінде қызмет ететін **egov.kz** порталы болып табылады.

Бұл ретте, порталдың Интернет желісі арқылы қарапайым қолжетімділігінен бөлек телефондар мен смартфондардың көмегімен қызмет алуға мүмкіндік беретін **мобильдік қосымшалар** әзірленіп, іске қосылды.

Қазіргі таңда egov.kz порталында түрлі санаттағы азаматтар мен бизнес өкілдеріне арналған **215 қызмет және сервис** қолжетімді.

Электрондық үкіметтің барлық мүмкіндіктерін пайдалану үшін **электрондық цифрлық қолтаңба** алу қажет.

Электрондық цифрлық қолтаңбаны екі тәсіл арқылы (өз таңдауыңыз бойынша) алуға болады:

- 1) ЭЦҚ-ны жаңа үлгідегі жеке куәліктің чипіне жазу. Бұл үшін жақын маңда орналасқан ХҚКО барып, жеке куәлікті көрсету керек. Жеке куәлікке жазылған ЭЦҚ-мен тек арнаулы карт-ридер болған кезде ғана жұмыс жасауға болады.
- 2) ЭЦҚ алуға онлайн-өтінім беру және оны компьютерде сақтау. Бұл жағдайда да берілген өтінімді растау үшін ХҚКО бару қажет және ақпарат тасымалдаушыға (флешка, CD-диск) жазылған ЭЦҚ алу.

Электрондық үкімет порталы ұсынатын қызметтер тізімі тұрақты түрке кеңейіп келеді.

Мысалы, бүгінгі таңда Сіз ХҚКО-ға хабарласпай-ақ онлайн режимде мемлекеттік қызмет ала аласыз, соның ішінде:

- ✓ мекенжай анықтамасы;
- ✓ жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және техникалық сипаттамалары туралы анықтама,
- ✓ жеке тұлғаның жылжымайтын мүлкінің болмауы (болуы) туралы анықтама,

- ✓ бала тууына байланысты және бала күтімі жөніндегі жәрдемақылар тағайындау
- ✓ мемлекеттік арнайы жәрдемақы тағайындау,
- ✓ куәліктерді немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтаманы қайталап алу,
- ✓ салымшының ақшалай қаражатының түсуі туралы ақпарат беру және тағы басқалар.

Бұған қоса, е-үкімет порталы арқылы салықтар, баж, мемлекеттік алымдар мен төлемдер, айыппұлдар мен коммуналдық қызмет ақысын төлеуге болады.

Мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған қызметтер

Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтік қорғау конституциялық кепілдіктерге негізделеді. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясат «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» ҚР Заңына сәйкес:

- 1) мүгедектіктің алдын алуға;
- 2) мүгедектерді әлеуметтік қорғауға, соның ішінде мүгедектерді оңалтуға;
- 3) мүгедектердің қоғаммен етене араласуына бағытталған.

Мүгедектерге көрсетілетін мемлекеттік қызметтер мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың қоғаммен етене араласу жолында ұшырасатын барлық өзара байланысты проблемалар спектрін қамтиды.

Біріншіден, оларға мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, арнайы әлеуметтік жәрдемақы, еңбек қабілетінен айырылған жағдайда әлеуметтік төлемдер түрінде әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Екіншіден, олар протоез-ортопедиялық көмекпен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, сурдо-, тифлотехникалық құралдармен және басқа да техникалық көмекші (орнын толтыратын) құралдармен, сондай-ақ мемлекеттік тапсырыс шеңберінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз етіледі.

Үшіншіден, арнайы әлеуметтік қызметтер шеңберінде мүгедектерге қиын өмірлік жағдайдағы тұлғаны (отбасын) қамтамасыз ететін, туындаған әлеуметтік проблемаларды еңсеруге арналған және олардың қоғам өміріне басқа азаматтармен бірдей қатысуына мүмкіндіктер жасауға бағытталған (жеке көмекші ұсыну, инватакси және т.б.) қызметтер кешені көрсетіледі.

Төртіншіден, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер мен мүгедек балалар үшін орта кәсіптік және жоғары кәсіптік білім беретін ұйымдарға оқуға түсу кезінде 0,5 % мөлшерде қабылдау квотасы қамтамасыз етіледі.

Бесіншіден, мүгедектерді жұмыспен қамтамасыз ету үшін жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) жұмыс орындарының жалпы санының 3% мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілейді; жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы мүгедектер үшін қосымша жұмыс орындарын құрады; мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнаулы, сондай-ақ әлеуметтік жұмыс орындарын құрады; мүгедектерге кәсіптік оқуды ұйымдастырады.

Алтыншыдан, мүгедектер мемлекет есебінен медициналық-әлеуметтік, сонық ішінде қарттар мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсететін мамандандырылған орталықтарда оңалтумен қамтамасыз етіледі.

Мүгедектерге арналған қызметтердің көпшілігіне қазіргі кезде электрондық үкімет арқылы тапсырыс беруге болады, бұл олардың мемлекеттік қызметтерді уақытылы алу мүмкіндіктерін айтарлықтар арттырды. Сонымен қатар, 1 және 2-топтағы мүгедектерге мемлекеттік қызмет көрсету үшін ХҚКО-да арнайы мобильдік топтар жұмыс жасайды. Осындай мобильдік топтарды шақыру үшін 1414 нөмірі бойынша Бірыңғай байланыс орталығына хабарласуы қажет.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары шеңберінде мүгедектердің басқа азаматтармен тең құқықтар қоғамға араласуына келтірілетін кедергілерді (құқықтық, әлеуметтік, дене бітімі және т.б.) жою бойынша көптеген жұмыстар жүргізілуде.

Жергілікті деңгейдегі Мемлекеттік жастар саясатын мәселелері жөніндегі уәкілетті органның түрлі жастар санаты және өзге де жергілікті атқарушы органдардың өкілдерімен өзара іс-әрекеті бойынша ұсынымдар

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында мемлекеттік жастар саясаты жүйелі жүзеге асырылады. Республикалық деңгейде ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жастар саясаты департаменті қызмет етеді, өңірлік деңгейде жастардың түрлі санаттарымен өзара қарым-қатынас ортануға құзыретті жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармалар жұмыс жасайды.

Жоғарыда аталған құрылымдарға хабарласпас бұрын жастар әлеуметтік-экономикалық жағдай туралы, МЖС саласындағы органның алдына қойған міндеттері туралы, әрбір ведомствоның бұл міндеттерді шешуде атқаратын рөлі туралы жан-жақты хабардар болуы тиіс. Осыған байланысты уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органдардың қызметі ашық сипатта болуы тиіс.

Сонымен қатар, жастар аталған органдардың қызметі туралы хабардар болып қана қоймай, осы қызметке қатысты өз пікірін білдіруге мүмкіндігі болуы тиіс. Жеке пікірлер сауалнама, хаттар және азаматтардың өтініштері, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар түрінде білдірілуі мүмкін. Сонымен бірге, әкімдіктер жанында жастардың белсенді және бастамашыл өкілі жай хабарласып қана қоймай, оның мүшесі бола алатын МЖС іске асыру мәселелері жөніндегі кеңестер қызмет етеді.

Жастардың толыққанды хабардар болуы өзара іс-әрекеттердің негізін құрайды – адамдар билікті білетін, түсінетін және қолдайтын кезде. Саясат және органдардың практикалық қызметі туралы халықты ақпараттандыру каналдары сан түрлі. Олардың негізгілері – басшылардың халықпен жеке кездесуі, ақпараттық стенділер, анықтамалық-ақпараттық материалдар, «қызу желілер», анықтамалық-ақпараттық қызмет, бұқаралық ақпарат құралдары және т.б.

Органдар басшыларының, жергілікті атқарушы органдар лауазымды тұлғаларының және мәслихат депутаттарының жастармен жеке кездесуі халықты ақпараттандырудың маңызды нысандарының бірі ретінде қабылданады. Олар бекітілген кестеге сәйкес тұрақты түрде өткізіліп тұруы тиіс. Бұл нысанның басты

ерекшелігі жастар өздерін қызықтыратын сұрақтарды тікелей қойып, оларға жауаптар ала алатындығында. Жекелеген мәселелер жас азаматтардың жеке келуі немесе телефон шалуы арқылы анықтамалық-ақпараттық қызметтің көмегімен шешіледі. Аудандық ішкі саясат бөлімі жанында, қаладық немесе облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармалары жанында жастардың өзекті проблемалары бойынша консультациялар алуға болатын жастар ресурстық орталықтары қызмет етеді.

«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жергілікті атқарушы және уәкілетті органдардың жастармен өзара іс-қимыл жастар ресурстық орталықтарын құру, сондай-ақ жастардың волонтерлік қызметін және жастардың өзін-өзі басқаруын дамыту арқылы жүзеге асырылады. Жергілікті атқарушы органдар мен жастар арасындағы өзара іс-қимылдың өңірлік деңгейін қалыптастыру мақсатында жастардың өңірлік форумдары, жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік жастар саясатының іске асырылу барысы туралы есептерін тыңдау және мемлекеттік жастар саясатын іске асыру мәселелері бойынша жария тыңдаулар өткізіледі

(http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31661446).

Қазіргі таңда мемлекеттік жастар саясаты мәселелері жөніндегі уәкілетті органның жастардың түрлі санаттарымен өзара іс-қимылының келесі түрлері жүйелі пайдаланылады.

1. Өртүрлі әлеуметтік топтар, қоғам өкілдерінің, соның ішінде жастардың қатысуымен жалпықалалық және аудандық конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізіледі.
2. Интернет-сайттарда, ақпараттық бюллетендер мен басқа да дереккөздерінде органдар қызметінің негізгі бағыттары бойынша халыққа ашық қолжетімді деректер қоры қалыптастырылған.
3. «Ашық есік» күндері, мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылады.
4. «Шұғыл телефон желілерінің» тұрақты жұмысы арқасында халықпен байланыс орнатылады; өзекті мәселелер бойынша билік өкілдерімен БАҚ-та сұхбаттар жарияланады.
5. Азаматтардың кейбір санаттарына, мүмкіндігі шектеулі адамдарға арнаулы көмек көрсетіледі.

Жастарды қолдауға және дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға қатысу

Қазіргі уақытта мемлекет жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған ірі көлемді мемлекеттік бағдарламаларды іске асырады. Бұл «Жастар практикасы», «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы», «Бизнестің жол картасы-2020» және «Қолжетімді баспана-2020» секілді бағдарламалар.

«*Жастар практикасын*» жергілікті атқарушы органдар техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру ұйымдары түлектерінің алған кәсібі бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін жинақтауы мақсатында ұйымдастырады. Бағдарлама бойынша уақытша жұмыс орындары құрылады. Жастар практикасына қатысушыларға еңбекақы төлеу мемлекеттік бюджет

қаражаты есебінен жүргізіледі. Жұмыс уақытша сипатта болғандықтан, жұмыс орнының саны шектелмейді.

Бағдарламаға қатысушыға қойылатын негізгі талаптар.



Содан кейін уәкілетті орган және/немесе халықты жұмыспен қамту орталықтары бекітілген тізбеге сәйкес жұмыс берушімен жастар практикасын қаржыландыру туралы шарт жасасады.

Түлектер «Жастар практикасы» бағдарламасына он екі ай мерзімде бір рет қатыса алады.

Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жастар практикасына қабылданған түлек тұрақты жұмысқа қабылдануы мүмкін. Жастар практикасы аяқталғаннан кейін қатысушыға практикадан өткені туралы пікір (ұсыным хат) беріледі.

«Жұмыспен қамту 2020 жол картасының» 3 негізгі бағыты бар.




Бірінші бағыт ауылдарда, кенттерде, шағын қалаларда инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруды көздейді.

Екінші бағыт азамттарға өз бизнесін ашу немесе кеңейту үшін консультация алуға, оқытуға, қаржылай қолдауға көмек береді, сондай-ақ кәсіпкерлерге ауылда өндірісті дамыту үшін алған қарыздары бойынша олардың міндеттемелерін

субсидиялау арқылы қолдау көрсетеді. Бұған қосымша, жолақы және тұруға материалдық көмек ұсынумен кәсіпкерлік негіздеріне тегін оқыту, бизнес-жоспарды әзірлеуге әрекеттесу, шағын несиелер ұсыну және жобаларды алып жүруге көмектесу қарастырылған.

Үшінші бағыт жұмыссыздардың, ішінара және өз бетінше жұмыспен қамтылған азаматтардың тұрақты жұмыс табуына, қажет болған жағдайда – сұранысқа ие мамандықтарға оқытуға көмектеседі. Сонымен қатар, үшінші бағыт шеңберінде жұмыспен қамтуға, кәсіби даярлық, қайта даярлау және біліктілік арттыру курстарында оқыту шараларына, сондай-ақ жаңа тұрғылықты жерде жұмысқа орналасуға белсенді қатысатын жеке тұлғаларға кәсіптік оқыту, жұмысқа орналасу, айлық жалақыны ішінара субсидиялау бойынша консультациялар қарастырылған. Бағдарламаға қатысушыларға біліктілік арттыру, кәсіби даярлық және қайта даярлаудың тегін курстарына жолдама берілуі мүмкін.

Бағдарламаға қатыса алатын тұлғалар:



«**Бизнестің жол картасы 2020**» мемлекеттік қолдаудың келесі құралдарын қамтамасыз етеді:

1. Пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау
2. Несиелерге ішінара кепілдік беру
3. Шынайылығымен және жаңашылдығымен ерекшеленетін ісін жаңадан батаған кәсіпкерлерге гранттар ұсыну
4. Өнеркәсіптік инфрақұрылымды дамыту
5. Бизнес жүргізуді сервистік қолдау.

Бағдарламаға экономикаың келесі басым секторларында жобаны іске асыратын кез келген жас кәсіпкер қатыса алады.

Агроөнеркәсіптік кешен	Туризм
Тау кен өндіру өнеркәсібі	Ақпарат және байланыс
Жеңіл өнеркәсіп және жиһаз өндірісі	Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет

Құрылыс материалдарын және өзге де металлға жатпайтын минералдық өнімдер өндіру	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер
Металлургия, металл өңдеу, машина құрастыру	Өзге де қызмет түрлерін ұсыну
Өнеркәсіптің басқа да секторлары	Ойын-сауық және тынығу өнері
Көлік және қойма	Білім беру

«Қолжетімді баспана-2020» бағдарламасы бойынша бастапқы жарнасыз кейін сатып алу құқығымен және төмендетілген пайыздық мөлшерлемелер бойынша пәтерді жалға алу мүмкіндігін көздейтін «Жас отбасы» бағыты іске асырылады.

«Жас отбасы» бағытына қатысу үшін кейбір талаптарға сәйкес болу қажет.

Ерлі-зайыптылардың



Өтініш берген сәтте ерлі-зайыптылардың екеуінің де жасы 29 жастан аспауы тиіс. Егер отбасы толық болмаса, онда жас ерекшелігіне қарай шектеу ата-аналардың бала (балалар) тәрбиелейтін біреуіне ғана қатысты болады және 29 жасты құрайды

Ерлі-зауыптылық кезеңі



Өтініш берген сәтте тіркелген неке кезеңі кемінде 2 жылды құрауы тиіс. Мұндай шектеу толық емес отбасыға қолданылмайды

Отбасы құрамы



Отбасы құрамына ерлі-зайыптылардың өздері, олардың кәмелетке толмаған балалары, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың еңбекке жарамсыз ата-аналары кіреді. Отбасы мүшелерінің саны болашақ пәтердің көлемін анықтау кезінде ескерілетін болады, әрбір адамға кемінде 15-18 шаршы метр бөлінеді.

Тұрғын үйінің болмауы



Ерлі-зайыптылардың және отбасы мүшелерінің пәтер алу көзделетін елді мекенде жеке меншік жылжымайтын мүлкі болмауы тиіс

Азаматтылық



Бағдарлама қатысушылары ҚР азаматтары не оралман беделін иеленген болуы тиіс

Құжаттарды қабылдау жалға берілетін тұрғын үйді пайдалануға берілерден 6 ай бұрын басталады. Өтінімдерді қабылдау мерзімдері мен орындарын әкімдік белгілейді және алдын-ала бұқаралық ақпарат құралдарында азаматтарды хабардар етеді.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Сотпен қорғалатын және құқық қорғаушыға (адвокат іздеу) жүгінуге конституциялық құқықтар

ҚР азаматының сот арқылы қорғалуы құқығына ҚР Конституциясымен кепілдік беріледі (13-бап, 2-тармақ). Бұл сот билігі азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Республиканың халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді жүзеге асыруға арналғанын білдіреді.

Сотпен қорғалатын конституциялық құқық қылмыстық, азаматтық және басқа да сот өндірісі арқылы іске асырылады.

Қазақстанның әрбір азаматы, сондай-ақ шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар оның құқықтары мен бостандықтары кемсітілген жағдайда сотқа жүгінуге құқылы. Бұл ретте ешкім азаматтың бұл құқығын шектеуге заңды құқығы жоқ және сот бұл өтінішті мәселенің мәні бойынша қарастыруға және өз шешімін шығаруға міндетті.

Сот әділдігінің маңызды принциптері Конституцияда бекітілген. Оларды әркім де білуі тиіс:

- ✓ адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;
- ✓ бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;
- ✓ өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;
- ✓ сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы;
- ✓ жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады;
- ✓ айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;
- ✓ ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес;
- ✓ адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады;
- ✓ заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес;
- ✓ қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

❶ Өкінішке орай, Қазақстанда осы күнге дейін азаматтар құқық қорғау органдарының жекелеген қызметкерлері тарапынан, әсіресе сотқа дейінгі тергеу сатысында өз құқықтарының бұзылуы жағдайларына ұшырайды. Сондықтан, ҚР азаматының жауап алу, тергеу, прокурорлық қадағалау органдарының қылмыс туралы арызды қабылдаудан бас тарту туралы, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы және қылмыстық істі қозғау туралы, қылмыстық істі тоқтата тұру және

қысқарту туралы, сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға еріксіз орналастыру туралы, тінтуді және (немесе) алуды жүргізу, мүлікке тыйым салуды қолдану, кепілді қолдану туралы қаулыларына (шешімдеріне) сотқа шағымдануға толық құқылы екендігін назарда ұстаған жөн.

«Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі» - деп көрсетілген Қазақстан Республикасының Конституциясында.

Қазақстанның әрбір азаматы өз өмірінде заң көмегін алу және адвокат іздеу қажеттілігіне ұшырасатындығы сөзсіз.

Қажетті ақшалай қаражаттың болуы бұл проблеманы оңай шешеді. Адвокаттар алқасына немесе жеке заңгерлік мекемеге хабарласып, өзіңізге қажетті маманды таба аласыз. Бұл ретте адвокаттың мамандануына, заңды қызмет өтіліне және Сіздің ісіңізге ұқсас жұмыс тәжірибесіне назар аудару қажет.

Сонымен қатар, азаматтардың кейбір санаттарының тегін заң көмегін алуға және адвокат тартуға мүмкіндіктері бар.

Адвокаттар:

- 1) соттар асыраушысының қайтыс болуы, жұмыспен байланысты мертігуі немесе денсаулығының өзгедей зақымдануы арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы істерді қараған кезде қуынушыларға;
- 2) егер сот қарап жатқан дау кәсіпкерлік қызметпен байланысты болмаса, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген адамдар, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топтардағы мүгедектер, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын қуынушылар мен жауапкерлерге;
- 3) алименттер өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе оралман мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға заң көмегін тегін көрсетеді, қажет болған жағдайларда құқықтық сипаттағы жазбаша құжаттарды жасайды.

Азаматтар көрсетілген жағдайларда адвокаттар алқасына² тікелей хабарласып, сотқа дейінгі кезеңде немесе сот процесі барысында лауазымды тұлғаның немесе соттың атына мынадай сипаттағы өтініш жазып: «Маған кепілдендірілген заң көмегін қамтамасыз етуіңізді және төлемнен босатып, адвокат ұсынуыңызды сұраймын. Қолы, күні», берілген құқықтарын пайдалана алады.

Өтінішке аталған тұлғаның тегін заң көмегін алу құқығын растайтын құжаттар мен басқа да дәлелдер қоса тіркеледі.

❗ Тегін заң көмегін көрсетуден келесі жағдайларда бас тартылуы мүмкін:

- өтініш иесі мемлекет кепілдік берген заң көмегін алу құқығы бар тұлғалар санатына жатпаса;
- өтініш иесінің өтініші құқықтық сипатқа ие болмаса.

² Адвокаттар алқасының байланыс деректерін мына сілтеме бойынша таба аласыз - http://egov.kz/wps/portal/Content?contentPath=/egovcontent/justice/legal_issues/article/advocacy&lang=ru.

Сотқа талап арызды рәсімдеу

Талап арызды белгіленген талаптарға сәйкес рәсімдеу – оны сотта қарауға қабылдау үшін маңызды шарт болып табылады. Дұрыс рәсімделмеген талап арыз бас тарту үшін негіз болуы мүмкін.

Сотқа талап арызды дайындау кезінде ең алдымен келесі жайттарды нақты анықтап алу қажет:

- 1) **талап арыздың негіздемесі** (талап арыз құқықтар, бостандықтар мен заңмен қорғалатын мүдделер бұзылған немесе дауласқан жағдайда беріледі);
- 2) **қуыным талабы** (әдетте бұл Сіз жауапкерден өндіріп алатын сома);
- 3) **дауды соттың қарауына жатқызу** (талап арыздың мәніне қарай оны аудандық (қалалық) және оған теңестірілген сотқа немесе мамандандырылған сотқа тапсыру қажет: экономикалық, әкімшілік, әскери, кәмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі және қаржы; талап арыз беру орнына келетін болсақ, әдетте ол жауапкердің орналасқан жері бойынша беріледі).

Талап арыздың **нысанына** қатысты. Онда келесі деректер көрсетілуі тиіс:

- 1) соттың атауы;
- 2) талап қоюшының атауы, оның туған күні, айы, жылы, тұрғылықты жері, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер немесе, егер талап қоюшы ұйым болса, оның тұрған жері, СТН мен банктік реквизиттері, сондай-ақ, егер арызды оның өкілі берсе, өкілдің атауы мен мекен-жайы, бұдан басқа, егер олар бар болса, талапкер мен өкілдің ұялы байланыстың абоненттік нөмірі мен электрондық мекенжайы туралы мәліметтер;
- 3) жауапкердің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, айы, күні, оның тұрғылықты немесе болатын жері, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі және электрондық мекенжайы (егер олар бар болса), егер жауапкер заңды тұлға болып табылатын болса, онда оның атауы, орналасқан жері, сондай-ақ қосымша сәйкестендіру нөмірі, электрондық мекенжайы, егер бұл деректер талапкерге белгілі болса;
- 4) талап қоюшының құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін және оның талап қою талаптарын бұзудың немесе бұзу қаупінің мәні;
- 5) талап қоюшы өзінің талаптарын негіздейтін мән-жайлар, және бұл мән-жайларды растайтын дәлелдемелер;
- 6) егер талап қою бағалауға жатса, талап қоюдың бағасы;
- 7) арызға қоса тіркелетін құжаттардың тізбесі;
- 8) дауды шешу үшін маңызы бар өзге де мәліметтер көрсетілуі, сондай-ақ талапкердің өтініші баяндалуы мүмкін.

Талап арызға келесі **құжаттар** қоса тіркелуі қажет:

- 1) жауапкерлер мен үшінші тұлғалардың санына қарай талап арыздың көшірмесі;
- 2) мемлекеттік баж төлеуді растайтын құжат;
- 3) өкілдің өкілеттігін куәландыратын сенімхат немесе өзге де құжат;

- 4) талапкер өз талаптарын негіздейтін мән-жайларды растайтын құжаттар, егер көшірмелер оларда болмаса, жауапкерлер мен үшінші тұлғалар үшін бұл құжаттардың көшірмелері;
- 5) талапкердің мерзімді кейінге қалдыру, ұзарту, сот шығындарын төлеуден босату немесе олардың мөлшерін азайту туралы, талап қоюды қамтамасыз ету, дәлелдемелерді талап ету туралы өтініші және, егер олар талап арызда жазылмаған болса, басқалар да қоса тіркеледі.

Талап арыз дайындалып болған соң оны сот кеңсесіне тапсыру және оның тіркелгеніне көз жеткізу қажет.

① Талап арызды дайындауды адвокатқа тапсырған дұрыс, себебі оны сауатты дайындау заң біліміне және сот өндірісінің ерекшеліктерін білуге байланысты.

Жұмыстан заңсыз шығару

Қазақстанда жұмыстан заңсыз шығару жағдайлары сирек кездесетін жағдай емес. Жұмыс берушінің өктемдігімен жұмысынан айырылған жұмысшы өзінің еңбек құқықтарын білмеуі себепті көбіне мұндай әрекеттерді жазасыз қалдырады.

Жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзу негіздері ҚР Еңбек кодексінің 54-бабында ашып көрсетілген.³ Басқа негіздер бойынша кез келген жұмыстан шығару заңсыз болып табылады.

Жұмыс берушінің жұмыстан шығару кезінде заң бұзушылығының келесі жайттары өте көп кездеседі:

- ✓ заңда көзделмеген негіздер бойынша жұмыстан шығару;
- ✓ іс жүзінде орын алмаған негіздер бойынша жұмыстан шығару;
- ✓ жұмыстан шығару негізі ретінде іс жүзінде орын алғаннан басқа жайтты көрсеті;
- ✓ тәртіптік теріс қылықтарды тиісті құжатпен рәсімдемей және еңбек міндеттемелерін қатаң бұзусыз (жұмысқа келмеу, масаң күйде жұмысқа келу, қауіпсіздік ережелерін бұзу, мүлік ұрлау және т.б.);
- ✓ ойдан шығарылған себептер бойынша қызметкерге айлық жалақысы берешегін төлемеу;
- ✓ іс жүзінде қысқарту шараларын жүргізбестен адам санын немесе штатты қысқартуға байланысты жұмыстан шығару;
- ✓ ұйымды тарату немесе жұмыс берушінің қызметін тоқтату, адам санын немесе штатты қысқарту туралы қызметкерге ескеру тәртібін бұзу;
- ✓ қызметкерге тиісті аттестаттауды өткізбей лауазымдық қызметіне немесе атқаратын жұмысына біліктілігі жетпеуінен сәйкес келмеуі себепті жұмыстан шығару;
- ✓ тиісті медициналық куәландырусыз денсаулық жағдайына байланысты лауазымдық қызметіне немесе атқаратын жұмысына сәйкес келмеуі себепті жұмыстан шығару.

Жұмыс беруші өзінің шын мәніндегі дәлелдерін жасыра отырып, қызметкерді өз еркімен жұмыстан шығару туралы өтініш жазуға мәжбүрлейтін жайттар аз

³ http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30103567#sub_id=540000.

кездеспейді. Мұндай жағдайға ешқашан келісім бермеңіз, себебі кейін сотта өзіңізге қысым көрсетілгенін дәлелдеу қиынға соғады.

Заңсыз жұмыстан шығару кезінде не істеу қажет?

Біріншіден, Сізге өзіңіздің еңбек құқықтарыңыз туралы кеңес беретін және Сіздің жағдайыңызға талдау жасайтын **заңгердің көмегі** қажет.

Екіншіден, Сіз еңбек туралы заңнаманың сақталуына тексеру жүргізуге, жұмыс берушіге заң бұзушылықтарды жою туралы орындалуы міндетті ұйғарымдар беруге, заң бұзушыларды жауапкершілікке тартуға құқығы бар **мемлекеттік еңбек инспекторына шағым** жасай аласыз.

Үшіншіден, Сіз еңбек құқықтарының бұзылғаны туралы шағым негізделген жағдайда әдетте жұмысшыны жақтайтын **сотқа шағымдана** аласыз. Бұл ретте еңбек шартының көшірмесін, жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату туралы жазбалары бар еңбек кітапшасын, жалақы көлемі, жұмыс уақыты туралы анықтаманы, мінездеме-ұсынымды алдын ала алуға тырысыңыз. Бұл құжаттарды жұмыс беруші Сізді жұмыстан босатқаннан кейін 5 күн ішінде беруге міндетті.

Сотқа талап арыз бермес бұрын оның көшірмесін жұмыс берушіге көрсетуіңізге болады. Кейбір жағдайларда бұл істі сотқа дейін жеткізбей, өз құқықтарыңызды қайта қалпына келтіруге көмектеседі.

Мемлекеттік орган қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттері

Мемлекеттік қызметшілер тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне ұшырасқан әрбір адамның алдында таңдау мүмкіндігі бар: мұндай жағдайда қандай шешім қабылдау керек? Осы жерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – Қазақстанның әрбір тұрғынының азаматтық борышы болып табылатындығын анық ұғыну қажет. Осы әлеуметтік жөнсіздікке қоғам тарапынан белсенді қарсы тұру ғана сыбайлас жемқорлық деңгейінің төмендеуіне ықпал ететін болады.

Мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады («Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңы 2-бабының 1-тармағы).

Азаматтардың парақорлармен қарым-қатынас кезінде ұшырасатын сыбайлас жемқорлық жағдайлары көбіне параны тікелей бопсалау түрінде емес, қолдан жасалған әуре-сарсаңға салу себепті адамның мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуын қиындататын себептерді туындату түрінде көрініс табады. Осылайша, заңсыз пайда табуды көздейтін мемлекеттік қызметші Сізді түрлі жолдармен сатып алу арқылы мәселені шешуді «тездетуге» итермелейді.

Сондықтан да, егер Сіз билік өкілі тарапынан сыбайлас жемқорлық қысымының құрбаны болсаңыз, сыбайлас жемқорлық фактілері және мемлекеттік қызметшінің ар-намыс кодесін бұзуы туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне не

тұрғылықты жеріңіз бойынша Агенттіктің аумақтық департаментіне хабарлауыңыз қажет.⁴ Шағымдану жолдары:

1. Пошта мекенжайы бойынша жазбаша: 010000, Астана қаласы, Сейфуллин көшесі, 37.
2. Электрондық-цифрлық қолтаңба болған жағдайда, egov.kz «Электрондық үкімет» порталы арқылы.
3. 1494.kz порталына тіркелу арқылы.

Агенттіктің қызметі мәселелері бойынша 1494 нөмірі арқылы тәулік бойына қызмет ететін call-centr-ге хабарласып, кеңес алуға болды.

❗ Есте сақтаңыз:

- сыбайлас жемқорлық фактілері туралы домалақ арыздар қарастырылмайды;
- сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске өзге де түрде жәрдемдесетін адам мемлекеттің қорғауында болады (сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдесетін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуші органдар қажет болған жағдайда оның жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді);
- егер адамға қатысты қорқытып пара алу орын алған болса немесе ол адам пара бергені туралы құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органға өз еркімен хабарласа, пара берген адам қылмыстық жауапкершіліктен босатылады.

Занды және азаматтық некеде тұрған жастардың құқықтары. Мүлікті бөлу

Отбасы қоғамның негізгі тірегі және дәстүрлі құндылықтарды қорғаушы болып табылады.

Занды некеге тұрған сәттен бастап ерлі-зайыптылардың отбасының бір мүшесі ретінде **құқықтары мен міндеттері** туындайды және олардың мазмұны «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде бекітілген.

Оларды **жеке және мүліктік құқықтар мен міндеттерге** бөлуге болады.

Жеке құқықтар тең құқықтар мен міндеттерді жүктейтін *ерлі-зайыптылардың теңдігін* түсіндіруден келіп шығады. Міне, сондықтан:

- Ерлі-зайыптылардың әрқайсысы қызмет түрін, кәсібін және діни сенімін таңдауға ерікті.
- Ерлі-зайыптылар ана болу, әке болу, балаларды тәрбиелеу, оларға білім беру, ерлі-зайыптылардың тұрғылықты, болатын жерлері мәселелерін және отбасы өмірінің басқа да мәселелерін бірлесіп шешеді.
- Ерлі-зайыптылар отбасындағы өз қатынастарын өзара сыйластық пен өзара көмек негізінде құруға, отбасының игілігі мен нығаюына жәрдемдесуге, өз балаларының денсаулығына, өсіп-жетілуіне және олардың әл-ауқат жағдайына қамқорлық жасауға міндетті.

⁴ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің аумақтық бөлімшелерінің байланыс деректері -

http://anticorruption.gov.kz/rus/about/struktura/territorialnye_podrazdeleniya/.

Ерлі-зайыптылардың мүлiктiк құқықтары мен мiндеттерi бiрлесiп жинаған мүлкiн иелену, пайдалану және билiк ету құқықтарының теңдiгiн танудан туындайды. Бұл ретте, мысалы, егер ерлi-зайыптылардың бiрiнiң үй шаруасын жүргiзу, бала күтiмiмен айналысу немесе басқа да дәлелдi себептермен жеке табысы болмаса, оларға бiрлескен мүлiкке тең құқық бекiтiледi.

Ерлi-зайыптылардың ортақ мүлкiне билiк ету жөнiнде ерлi-зайыптылардың бiреуi мәмiле жасасқан кезде екiншi жұбайының келiсiмi қажет болады, олай болмаған жағдайда сот мұндай мәмiленi жарамсыз деп тануы мүмкiн.

Бұл жерде бiрлесiп жинаған мүлiк туралы ғана сөз болып отырмағанына назар аударыңыз.

Ортақ мүлiкпен қатар ерлi-зайыптылардың әрқайсысына тиесiлi жеке мүлiкке құқығы танылады, оған мыналар жатады:

- 1) некеге отыруға (ерлi-зайыпты болуға) дейiн ерлi-зайыптылардың әрқайсысына тиесiлi болған мүлiк;
- 2) ерлi-зайыптылардың некеде тұрған (ерлi-зайыпты болған) кезеңiнде мұрагерлiк тәртiбiмен немесе өзге де өтеусiз мәмiлелер бойынша сыйға алған мүлкi;
- 3) некеде тұрған (ерлi-зайыпты болған) кезеңiнде ерлi-зайыптылардың ортақ қаражаты есебiнен сатып алынса да, қымбат заттар мен басқа да сән-салтанат заттарын қоспағанда, жеке пайдаланатын заттары (киiм-кешек, аяқкиiм және басқалар).

Сонымен қатар, ерлi-зайыптылық қатынастардың iс жүзiнде тоқтатылуына байланысты (көбiне ажырасу алдында) бөлек тұрған кезеңде олардың әрқайсысы жинаған мүлiк олардың әрқайсысының меншiгi деп танылады.

Бiрақ, бұл жерде ерекше жағдайлар кездеседi. Егер некеде тұрған (ерлi-зайыпты болған) кезеңiнде ерлi-зайыптылардың бiрiнiң мүлкi не олардың кез келгенiнiң еңбегi есебiнен осы мүлiктiң құнын едәуiр арттырған салыным жасалғаны (мысалы, күрделi жөндеу, реконструкциялау, қайта жабдықтау және басқаларды) анықталса, бұл олардың бiрлескен ортақ меншiгi болып танылады.

Жеке және мүлiктiк құқықтар мен мiндеттер жиынтығы ерлi-зайыпты қатынастардың құқықтық негiзiн құрайды және олардың мазмұны «Неке (ерлi-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексiнде толығымен реттелген.

Қазiргi уақытта жастар арасында некенiң азаматтық түрi кеңiнен таралған. Бұл жерде еркек пен әйелдiң отбасы-некелiк қатынастарды мемлекеттiк тiркемей бiрге өмiр сүруi туралы сөз болып отыр. Бұл ретте үй шаруашылығын бiрлесiп жүргiзу де iске асырылуда.

ҚР отбасылық-некелiк заңнамасында азаматтық неке ұғымы жоқ екендiгiн атап өткен жөн.

Сондықтан, азаматтық неке екi тарапқа Қазақстан заңнамасымен реттелетiн отбасылық-некелiк қатынастарға тән ешқандай мiндеттердi жүктемейдi. Бұны да естен шығармаған жөн.

Ең алдымен, азаматтық некенің теріс сипаты **мұндай қатынастардың заңмен белгіленбегендігі** болып табылады. Осы себеп мынадай екі жағдайда ерекшеленеді: **мүлікті бөлу кезінде және бала туылған кезде.**

Алғашқы жағдайда бірлесіп жинаған мүліктің азаматтық некедегі ерлі-зайыптылардың қайсысының атына тіркелгені маңызды жайт болып табылады.

Теориялық тұрғыдан алғанда мұндай мүліктің тым болмағанда бір бөлігін иемдену құқығын сот арқылы дауласу мүмкіндігі бар. Бірақ бұл өте қиынға соғады. Мұндай жағдайды болдырмас үшін ортақ мүлікті сатып алу кезінде азаматтық некедегі ерлі-зайыптылардың екеуін де меншік иесі ретінде көрсете отырып үлес меншігін рәсімдеу мақсатқа сай болып табылады.

Мүлік мұрагерлігі мәселелерінде де проблемалар туындайды. Егер азаматтық некеде тұратын ерлі-зайыптылардың бірі артына өсиет қалдырмастан қайтыс болған жағдайда, қайтыс болған кісінің атына тіркелген мүлік оның заңды мұрагерлеріне беріледі (мысалы, туған балаларына немесе некесін бұзбаған болса, заңды некедегі еріне (әйеліне)). Бұл ретте азаматтық некедегі ерінің (әйелінің) қайтыс болған жұбайымен ондаған жылдар бойы бірге тұрғаны ескерілмейтіндіктен, ол мүлікке ешқандай құқығы болмайды.

Екінші жағдайда әке болуды тану рәсімін өткізу қажет. Азаматтық некеден туған баланың әкесі де, анасы да әкелікті тану үшін АХАЖ-ға өтініш беруі тиіс. Егер азаматтық некеде тұрған ер кісі өзінің әкелігін танудан бас тартатын болса, ол сот тәртібімен белгіленуі мүмкін.

Некені бұзу кейде адам жанына ауыр тиетін процеске айналады. Бұл, әсіресе, егер алдын ала келісім болмаған жағдайда, мүлікті бөлу рәсінде көрініс табады.

Мүлікті бөлу механизмі «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 37-бабымен реттеледі.

Мүлік неке кезеңінде де, неке бұзылғаннан кейін де бөлінуі мүмкін.

Егер ерлі-зайыптылардың мүлікті бөлу туралы өзара келіспеушілігі болмаса, олар мүлікті бөлуді нотариалды түрде куәландыруы тиіс.

Шешілмейтін даулы мәселелер туындаған жағдайда мүлікті бөлу сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Әдетте, бірлесіп жинаған мүлік ерлі-зайыптылардың екеуінің де құқықтары ескеріле отырып теңдей бөлінеді. Бірақ, бұл жерде кейбір өзгешеліктер бар.

Біріншіден, кәмелетке толмаған балалардың қажеттерін қанағаттандыру үшін сатып алынған заттар (киім-кешек, аяқкиім, мектеп және спорт керек-жарағы, музыкалық аспаптар, балалар кітапханасы және басқалары) бөлуге жатпайды және балалары өзімен бірге тұратын жұбайға өтемақысыз беріледі. Бұл ереже ерлі-зайыптылардың ортақ мүлік есебінен өздерінің кәмелетке толмаған ортақ балаларының атына салған салымдарына да қатысты.

Екіншіден, егер ерлі-зайыптылардың біреуіне құны оған тиесілі үлестен асатын мүлік берілсе, екінші жұбайға тиісті ақшалай немесе өзге өтемақы алып беріледі. Мысалы, егер ерлі-зайыптылардың біреуіне ортақ пәтер берілетін болса, екінші жұбайға оның үлесі үшін ақшалай өтемақы тағайындалады.

Үшіншіден, егер жұбайлардың біреуі дәлелсіз себептермен табыс таппаса немесе ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін екінші жұбайдың келісімінсіз отбасының мүдделеріне нұқсан келтіріп жұмсаса, сот кәмелетке толмаған балалардың

мүдделерін негізге ала отырып және (немесе) ерлі-зайыптылардың біреуінің мүдделерін негізге ала отырып, ортақ мүліктегі олардың үлестерінің теңдігі негізін ескермеуге құқылы. Мысалы, егер жұбайлардың біреуі мүмкіндіктері бар бола тұрып, әдейі жұмыс істемеген және ортақ мүлікті сату есебінен алкогольдік ішімдікке салынған болса.

Мүлікті бөлу кезінде дау туындамауы үшін ортақ мүлікке ерлі-зайыптылардың әрқайсысының үлесі нақты көрсетілетін неке шартын жасауға болады.

Отбасылық құқық негіздері. Ата-аналардың құқықтары. Балалар үйі тәрбиеленушісінің құқықтары

Қазақстанда отбасылық құқық некенің мемлекеттің қорғауында болуына конституциялық кепілдік берілуіне негізделеді (ҚР Конституциясы 27-бабының 1-тармағы).

Оның маңызды принциптері мыналар болып табылады:

- 1) еркек пен әйелдің некелік (ерлі-зайыптылық) одағының еріктілігі;
- 2) отбасындағы ерлі-зайыптылар құқықтарының теңдігі;
- 3) отбасының ісіне кімнің болса да өз бетінше араласуына жол берілмеушілік;
- 4) отбасы ішіндегі мәселелерді өзара келісім арқылы шешу;
- 5) балалардың отбасында тәрбиелену басымдығы, олардың өсіп-жетілуі мен әлауқатты болуына қамқорлық;
- 6) отбасының кәмелетке толмаған, қарт және еңбекке қабілетсіз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін басымдықпен қорғау;
- 7) отбасы мүшелерінің өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз ету, осы құқықтарды сот арқылы қорғау мүмкіндіктері;
- 8) отбасының барлық мүшелерінің салауатты өмір салтын қолдау.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімімен, яғни некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу арқылы жасалған еркек пен әйел арасындағы тең құқықты одағы ғана неке (ерлі-зайыптылық) деп танылады.

Діни жоралар мен рәсімдер бойынша қиылған неке, еркек пен әйелдің, сондай-ақ бір жыныстағы адамдардың шын мәнінде бірге тұруы неке деп танылмайды.

Неке-отбасы заңнамасы отбасы мүшелері: ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды белгілейді; некеге отырудың, некені тоқтатудың және оны жарамсыз деп танудың шарттары мен тәртібін белгілейді; жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың нысандары мен тәртібін айқындайды; азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу тәртібін реттейді; азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың функцияларын айқындайды.

Отбасылық құқықтың маңызды қағидасы ерлі-зайыптылардың өзара қарым-қатынастарында да, балаларға қатысты да құқықтары мен міндеттерінің теңдігі болып табылады.

① Күтіп-бағу тек ата-аналардың ғана міндеті емес екендігін ескерген жөн, еңбекке жарамды кәмелетке толған балалар өздерінің көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз ата-аналарын күтіп-бағуға және оларға қамқорлық жасауға міндетті. Олай болмаған жағдайда, мұндай балалардан ата-аналарының пайдасына алименттер өндіріліп алынуы мүмкін.

Қазақстан заңнамасына сәйкес ата-аналардың құқықтары – ата-аналардың кәмелетке толмаған балаларына қатысты құқықтары мен міндеттері кешені. Ата-ана міндеттері балалары кәмелетке толғанда, сондай-ақ кәмелетке толмаған балалары некеге отырған (ерлі-зайыпты болған) кезде тоқтатылады.

Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері келесі салаларда іске асырылады:

1) баланы тәрбиелеу және білім беру (ата-аналардың өз баласын тәрбиелеуге құқығы бар және осыған міндетті, сондай-ақ оның үйлесімді дамуы үшін барлық қажетт жағдайды жасауға, баланың орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті).

2) баланың құқықтары мен мүдделерін қорғау (ата-аналар өз баласының заңды өкілдері болып табылады және арнайы өкілеттіктерсіз кез келген жеке және заңды тұлғаларға қатысты, оның ішінде соттарда оның құқықтары мен мүдделерін қорғайды, егер қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган ата-аналар мен баланың мүдделері арасында қайшылықтар барын анықтаса, басқа өкіл тағайындауға құқылы).

Ата-ана құқықтары баланың мүдделеріне қайшы жүзеге асырылмауға тиіс. Бұған қоса, ата-аналардың балаға зиян келтіруге және жапа шегуіне, сондай-ақ оның ар-ұжданын кемсітуге құқылы емес.

Баласынан бөлек тұратын ата-ананың өз құқықтарын жүзеге асыруына келетін болсақ, оның баласымен араласуға, оның тәрбиесі мен баланың білім алуы мәселелерін және бала үшін басқа да маңызды мәселелерді шешуге қатысуға құқығы бар. Егер мұндай араласу баланың тән саулығы мен психикалық денсаулығына, оның адамгершілік жағынан дамуына зиян келтірмесе, баласы өзімен бірге тұратын ата-ана баланың екінші ата-анасымен араласуына кедергі жасамауға тиіс.

Кәмелетке толмаған ата-аналардың құқықтары заңмен жеке белгіленеді:

- олардың баламен бірге тұруға және оның тәрбиесіне қатысуға құқығы бар;

- некеде тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған) ата-аналар өздерінде бала туған жағдайда және өздерінің ана және (немесе) әке болуы анықталған кезде олар 16 жасқа толған соң ата-ана құқықтарын өз бетінше жүзеге асыруға құқылы, бірақ бұндай жағдайда оларға қорғаншы тағайындалады;

- олардың жалпы негіздерде өздерінің әке және ана болуын тануға және оған дау айтуға құқығы бар, сондай-ақ өздері 14 жасқа толғаннан кейін сот тәртібімен өз балаларына қатысты әке болуды анықтауды талап етуге құқығы бар.

① Отбасылық-неке заңнамасында көзделген жағдайларда, **ата-аналар өздерінің ата-ана құқықтарынан айырылуы мүмкін**, атап айтқанда, мынадай жағдайларда:

- ата-аналық міндеттерін орындаудан жалтарса, оның ішінде алимент төлеуден қасақана жалтарса;

- өз баласын перзентханадан (оның бөлімшесінен), жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ұйымдарынан және өзге де ұйымдардан алудан дәлелсіз себептермен бас тартса;
- өздерінің ата-ана құқықтарын теріс пайдаланса;
- балаға қатыгездік көрсетсе, оның ішінде оған күш қолданса немесе психикасына зорлық жасаса, оның жыныстық тиіспеушілігіне қастандық жасаса;
- спирт ішімдіктеріне немесе есірткі заттарына салынса, психотроптық заттарды және (немесе) осыларға ұқсас заттарды теріс пайдаланса;
- өз баласының, жұбайының не отбасының басқа да мүшелерінің өміріне немесе денсаулығына қарсы қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасаса.

Жетім балаларға қатысты мемлекет алдында тұрған ең баст міндеттердің бірі олардың әлеуметтік қорғалуына жағдай жасау болып табылады. Міне, сондықтан да, ҚР отбасылық-некелік заңнамасында жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және білім беру, медициналық ұйымдардағы және басқа да ұйымдардағы балалардың құқықтары нақты белгіленген.

Балалар үйінің тәрбиеленушісі отбасында тәрбиеленетін бала сияқты құқықтар базасын иеленеді.

Атап айтқанда, ол:

- отбасында тәрбиеленуге (қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган қамтамасыз етеді);
- ата-анасымен және басқа да туыстарымен араласуға (егер мұндай мүмкіндігі бар болса және баланың өміріне және денсаулығына қауіп төнбеген жағдайда);
- өз пікірін білдіруге (қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар немесе сот он жасқа толған баланың және заңды өкілдердің қатысуымен өзі берген келісімімен ғана шешім қабылдай алады);
- өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға;
- ата-аналар немесе басқа да заңды өкілдер тарапынан жасалатын қиянаттан қорғалуға құқылы.

Сонымен қатар, балалар үйінің тәрбиеленушісі мынадай құқықтарды иеленеді:

- 1) күтіп-бағуға, тәрбиеленуге, білім алуға, жан-жақты дамуға, өздерінің адамгершілік қадір-қасиеттерінің құрметтелуіне, өз мүдделерінің қамтамасыз етілуіне;
- 2) өздеріне тиесілі алиментке, жәрдемақыға және басқа да әлеуметтік төлемдерге;
- 3) тұрғын үйге меншік құқығын немесе оны пайдалану құқығын сақтауға, ал тұрғын үйі болмаған жағдайда, оны Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес алуға;
- 4) жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын жұмысқа орналасуда жәрдем көрсетілуіне.

Балалар үйі түлектерінің құқықтарын қорғау қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға жүктеледі.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР

Су тасқыны, жер сілкінісі, өрт және климаттық жағдай нашарлаған кезіндегі іс-әрекет

Қазақстанда сәуір-маусым айлары аралығында су тасқыны барлық аумақтарда өте қауіпті⁵. Сондықтан су тасқыны орын алған жағдайда оған дайындық және өзін-өзі ұстау ережелерін іс жүзінде әрбір адам, әсіресе ауылдық жерлердің тұрғындары білуі тиіс.

Алдын ала дайындық

Су тасқыны қаупі кезінде немесе жергілікті жерде су тасқынының болуы ықтималдығы жоғары болған кезеңде тұрғылықты жерге тікелей жақын маңда орналасқан су басуы мүмкін шекараны, биік, сирек су басатын жерлерді, оларға жететін ең қысқа жолдарды, қайықтардың, салдардың және оларды дайындауға қажетті құрылыс материалдарының сақталатын орнын алдын ала зерттеу және есте сақтау қажет.

Егер Сіздің үйіңіз су басуы хабарланған ауданда орналасқан болса:

- ✓ үй жануарлары мен малды дөңес жерлерге ауыстырыңыз;
- ✓ газды, суды және электрді ажыратыңыз, пештегі отты сөндіріңіз;
- ✓ азық-түлікті, бағалы заттарды, киімдерді, аяқ киімдерді ғимараттың жоғарғы қабатына, судың көтерілу деңгейіне қарай тіпті шатырға ауыстырыңыз;
- ✓ керек болуы мүмкін нәрселердің барлығын жинауға тырысыңыз: жүзу құралдары, құтқару дөңгелегі, арқандар, сатылар, дабыл белгісі құралдарын;
- ✓ жейдені немесе шалбарды жеңіл жүзетін заттармен толтырыңыз (доптар, шарлар, аузы жабық бос желім бөтелкелермен және т.б.)

Су тасқыны кезіндегі іс-әрекеттер

Эвакуация туралы ескертуден кейін:

- ✓ үш күнге жететін азы-түлік қорын жинаңыз (энергетикалық құнарлы және балалар тағамдарын: шоколад, сүт, су және т.б. алыңыз);
- ✓ жылы әрі жеңіл киімдерді дайындаңыз;
- ✓ алғашқы жәрдем көрсетуге арналған қобдишаны және Өзіңіз пайдаланатын дәрі-дәрмектерді дайындаңыз;
- ✓ төлқұжатты және басқа да құжаттарды су өткізбейтін пакетке ораңыз;
- ✓ жеке гигиенаға қажетті нәрселер мен төсек жабқышты өзіңізбен бірге алыңыз;
- ✓ уақытыңыз болса терезелер мен есіктерді шегелеп жабыңыз.

Егер судың көтерілуі бірден басталса

- ✓ үрейленіп, дүрбелең салмаңыз;
- ✓ мүмкіндігінше тез арада жақын маңдағы қауіпсіз биіктеу жерге орналасыңыз (ғимараттардың жоғарғы қабаттары, ғимараттың шатыры, ағаш) және түрлі суда жүзу құралдарының көмегімен немесе суды аяқпен кешу арқылы ұйымдасқан эвакуацияға дайын болыңыз;

⁵ Қазақстанның табиғи және апатты жағдайлар қаупіне бейім аймақтарының картасы // ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі - <http://emer.gov.kz/ex/>.

✓ өз бетінше эвакуациялауға суда жүзетін түрлі құралдарды пайдаланыңыз (қайықтар, ағаш бөренелерден және басқа да суда қалқып жүзетін материалдардан жасалған салдар, бөшкелер, қалқандар, есіктер, ағаш қоршаулардың сынықтары, бағандар, автомобиль доңғалақтарының камералары және басқалар);

✓ еш үміт қалмаған соңғы сәтте ғана ең керекті аспаппен суға секіріп құтылуға болады;

✓ су басу кезінде далада, орманда қалған жағдайда биіктеу жерге жайғасу, ағаш басына орналасу қажет.

Егер Сіз су басу кезінде зардап шегушілерді кезіктірген болсаңыз:

✓ ғимараттың шатырында, биіктеу жерлерде, ағаш басында отырған зардап шегушілерді байқап қалсаңыз, шұғыл түрде жергілікті өзін-өзі басқару органына хабарлау керек;

✓ жүзу құралдары бар болған жағдайда зардап шегушілерді құтқару шараларын қолдану қажет.

Жер сілкінісі – аяқ астынан туындайтын қауіпті табиғи апат. Сейсмикалық қауіпті аймақтар біздің еліміздің аумағының үштен бір бөлігін алып жатыр, әсіресе Оңтүстік және Шығыс Қазақстанда.

Алдын ала дайындық. Сейсмикалық аймақта тұратын адамдар үйдің ықтимал сейсмикалық соққыға дайындығы, отбасыны жинау және қауіпсіз жерге көшіру тәсілдері мен кемінде 2-3 күн бойына олардың тіршілік қауіпсіздігі мәселелері қарастырылатын жер сілкінісі кезіндегі отбасылық іс-қимыл жоспарын құруы тиіс.

Жер сілкінісі қаупі кезінде

Жер сілкінісі қаупі жағдайында «Барлығыңыздың назарыңызға!» белгі беру сигналын білдіретін электр дабылдар, өндірістік гуілдер және басқа да хабар беру құралдар қосылатын болады. Осы дабыл бойынша радионы, теледидар қабылдағышты қосу, төтенше жағдай туралы хабарламаны мұқият тыңдау және жергілікті биліктің, төтенше жағдайлар жөніндегі басқару органдарының нұсқауларын бұлжытпай орындау қажет.

Егер Сіз үйдің ішінде болсаңыз:

✓ от сөндіргішті тексеріңіз, ваннаны және шелекті суға толтырыңыз;

✓ өзіңізді қорғауға бейім киім және аяқкиім киіңіз;

✓ пәтерде газды, суды және электрді ажыратыңыз, пешті сөндіріңіз;

✓ заттар салынып, алдын ала дайындап қойған сөмкені, рюкзакты және құжаттарды өзіңізбен бірге алыңыз, көршілерге хабарлаңыз, жалғызбастыларға, сырқат адамдарға көмек көрсетіңіз, ғимаратты тастап шығыңыз, жиналуға белгіленген орынға барыңыз, одан әрі берілетін нұсқаулықты күтіңіз;

✓ жергілікті биліктің немесе төтенше жағдайлар жөніндегі басқару органдарының нұсқаулықтары бойынша қалыпты тіршілік ету режиміне ауысыңыз.

Егер Сіз бұқара халық жиналатын орындарда болсаңыз:

✓ өзіңізді сабырлы ұстаңыз, үрейге берілмеңіз, ғимараттан шығуға ұмтылмаңыз және адамдардың қозғалысы жолында бөгет тудырмаңыз, аурулар мен мүгедектерге көмектесіңіз;

- ✓ әкімшіліктің нұсқаулығымен әрекет етіңіз.

Жер сілкінісі кезінде

Алғашқы дүмпу кезінде 1-ші қабаттың тұрғындары жылдам, бірақ үрейге бой бермей ғимараттан тысқа шығуы қажет, ал жоғарғы қабаттың тұрғындары – басын қолдарымен бүркеп, мейлінше қауіпсіз орындарға жайғасуы қажет.

- ✓ Дүмпулер басылған кезде арқаны қабырғаға жақын беріп, баспалдақ арқылы ғимараттан тысқа шығыңыз. Газды, суды, электр қуатын ажыратуға тырысыңыз, өзіңізбен бірге құжаттарыңызды, ақша, заттар салынған рюкзакты, дәрі-дәрмек қобдишасын алып шығыңыз, есікті кілттеп жабыңыз.
- ✓ Егер көрші пәтерлерде баллар мен қарт адамдар қалған болса, олардың көшеге шығуына көмектесіңіз, сыртқа шыққан соң зардап шеккендерге алғашқы медициналық жәрдем көрсетіңіз.
- ✓ Ғимараттардан, электр өткізгіш желілерден алыс ашық жерлерге шегініп тұрыңыз. Белгіленген жиналу орнына барыңыз. Үзілген сымдардан абай болыңыз, балаларды оларға жолатпаңыз.
- ✓ Көлік жүргізіп келе жатсаңыз, ашық жерге тоқтаңыз, тербелістер тоқтағанға дейін машинадан түспеңіз. Қоғамдық көлікте өз орныңызда қалыңыз, жүргізушіден есікті ашуын өтініп, дүмпу басылған соң асықпай сабырмен, басып-жаншусыз салоннан тысқа шығыңыз.

Күшті жер сілкінісінен кейін

- ✓ Қажет адамдарға алғашқы медициналық жәрдем көрсетіңіз.
- ✓ Жеңіл аршылатын үйінділер астында алған адамдарды құтқарыңыз.
- ✓ Балалардың, ауру-сыртқаттардың, қарттардың қауіпсіздігін ойластырыңыз, оларды тыныштандырыңыз.
- ✓ Ғимаратқа кірер алдында ондағы баспалдақтардың, қабырғалар мен жабындылардың қирауы қауіп тудырмайтындығына көз жеткізіңіз, зақымданғаны көрініп тұрған ғимараттарға жақын жоламаңыз. Отты ашық пайдаланбаңыз.
- ✓ Пәтерге қайта оралған соң, электр жарығын, газды және су құбырын коммуналдық-техникалық қызмет тексеріп шыққанға дейін қоспаңыз.

Үйінділерді ашуға және қираған ғимараттарда құтқару жұмыстарын жүргізуге көмектесіңіз.

Аяқ астынан басталған өрт адамдарды састырып қоюы мүмкін. Осыған байланысты, әрбір үйде **өрт кезіндегі эвакуациялау жоспарын** әзірлеу ұсынылады. Үйде (пәтерде) барынша қауіпсіз жағдайды қалыптастыру үшін Сіз өрт кезінде эвакуациялау бойынша келесі ұсынымдарды тұрақты түрде орындап жүруіңіз қажет:

- ✓ Сіз әрбір бөлмеден эвакуациялаудың ықтимал қосымша жолдарын білуіңіз тиіс.

Өртеніп жатқан үйден эвакуациялау кезінде артыңыздан ішкі есіктерді жауып жүріңіз.

- ✓ Сыртта жиналатын орын туралы келісіп алыңыз.
- ✓ Терезелер мен есіктеді, қажет болған жағдайда, жылдам ашылатындай күйде болуын қадағалаңыз.
- ✓ Егер үйде өрт туындаса, онда уақытты босқа жоғалтпаңыз.

- ✓ Жылдам қауіпсіз жерге орын ауыстырыңыз да, 101 нөміріне хабарласыңыз.

Егер Сіз үйден аман-есен шыққан болсаңыз, онда сыртта қалғаныңыз жөн, ешбір жағдайда өртеніп жатқан ғимаратқа қайта оралуға тырыспаңыз.

Эвакуация жоспарын жасау кезінде балалардың, қарттардың және мүгедектердің ерекше қажеттіліктерін ескеруді ұмытпаңыз.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша пайдалы кеңестер

Түтін ішінде бағдар жасау қиынға соғатынын және көру қабілеті шектеулі болатынын естен шығармаңыз.

Ұйықтап жатқан кезде Сіз түтіннің иісін сезбейсіз, сондықтан ыстың иісінен қатты ұйқыға кетесіз.

Өрт қауіпсіздігі шаралары бүкіл отбасы үшін аса маңызды және тиісті дайындық қайғылы оқиғаның алдын алуға мүмкіндік береді.

Сіз тұратын үйде (пәтерде) өрт туындауын дер кезінде хабарлау үшін өрт хабарлағышын орнатуға кеңес беріледі. Өрт кезінде **«101» нөміріне хабарласыңыз.**

Қысқы кезеңде болатын табиғи гидрометеорологиялық құбылыстар аса қауіпті сипатқа ие болып табылады.

Қазақстанда ауа райының суытуы көп жағдайда жылдың қысқы мерзімінде жазық далада және оның маңайындағы шөлейт жерлерде азамға аса қауіп тудырады. Алайда, төмен температура жағдайында адамның тірі қалуына желдің жылдамдығы шешуші рөл атқарады.

Ауа температурасы -3°C және желдің жылдамдығы 10-11 м/с болған жағдайда олардың адам денесін суытуға жалпы ықпалы -20°C мәніне тең.

Төмен температура кезінде адамның ұзақ уақыт бойына тірі қалуы оның апат кезіндегі киімі мен аяқ киімінің жағдайына, құрастырған баспанасының сапасына, жанар-жағар май мен азықтық қорек қорына, және ең бастысы, рухани және дене бітімі жағдайына тікелей байланысты.

Апатты жағдай кезінде адамның үстіндегі киімі әдетте оны суықтан (жаурап ұсу, жалпы тону) тек қысқа мерзімге ғана қорғай алады, бірақ бұл уақыт кезеңі **қардан баспана** тұрғызу немесе жақын маңдағы елді мекенге жету үшін жеткілікті.

Суыққа қарсы күрес кезінде есте ұстауға тиіс ең маңызды өсет – дер кезінде тоқта! Тек дене күшіне сеніп аязды тоқтату еш мүмкін емес. Мұндай жағдайда ең дұрысы сақтану қажет – ертерек артқа көз салу, лагерь құру, баспана тұрғызу, демалу және т.б.

Қалай болғанда да, қыс мезгілінде туындаған авариялық жағдай кезінде адамның немесе топтың өзін-өзі құтқаруы қысқы баспана тұрғызудан (үңгір, ін, апан және т.б.) басталуы тиіс.

Қардан тұрғызылған суық баспанада түнеп шығу үшін:

- ✓ Денені барынша түйістіре отырып, бір-біріне тығыз ара-қашықтықта отыру;
- ✓ Барлық түймелерді түймелеу, сыдырма ілгектерді жабу, жең мен балақтың шетін түсіру, капюшон кию;
- ✓ Суланған киімді сығу;
- ✓ Ыстық шай, кофе, сорпа ішу;

- ✓ Аяқты, басты барынша жылы ұстау;
- ✓ Құрамында қанты бар және майлы азық-түліктермен қоректену;
- ✓ Баспананың орналасқан жерін белгілеу;
- ✓ Жылу бөлетін төсеніштерге отыру;
- ✓ Баспанада кіреберіс тесікті тазалауға арналған құрал-сайман ұстау;
- ✓ Қажет болған жағдайда, қолды сермеп жылыту қажет. Бұлшықеттерді

қыздырып, басқа да дене әрекеттерін істеу.

і Алайда, қысқы авариялық жағдайда жапа шектеудің бірден-бір жалғыз мүмкіндігі – бұған жол бермеу. Сондықтан, қыста жолға шықпас бұрын ауа райы жағдайы баратын жеріңізге дейін жетіп алуыңызға мүмкіндік беретініне әбден көз жеткізіп алыңыз.

Алғашқы медициналық жәрдем көрсету

Алғашқы медициналық жәрдем көрсету зардап шеккен адамның алдағы өмірі үшін аса маңызды шара болып табылады. Сондықтан, Сіз бей-жай немқұрайлылық танытпасаңыз, бақытсыздыққа ұшыраған адамның өмірін құтқарып қалуыңыз мүмкін.

Алған жарақаттарының және зақымдардың сипатына қарай зардап шегушіге алғашқы көмекті қалай көрсету керектігі туралы нақтырақ ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің сайтынан білуге болады⁶.

Сіздің қолыңыздан не келуі мүмкін?

- ✓ қан ағуды тоқтату;
- ✓ жараны байлау;
- ✓ зақымданған қол-аяқты иммобилизациялау (қимылсыз қалдыру);
- ✓ «жедел жәрдем» шақыру;
- ✓ жүрек пен өкпенің жұмыс істеуін қалпына келтіру (реанимация); адамды қауіпті аймақтан эвакуациялау;
- ✓ зардап шегушіге мұқият күтім көрсету;
- ✓ «жедел жәрдем» келіп жеткенше зардап шегуші адамды тыныштандыру үшін әңгімелесу.

Қан тоқтату және жасанды дем алдыру мен жүрекке жабық массаж жасауға арналған іс-әрекеттерге толығырақ тоқталамыз.

Қанды тоқтату.

Сіздің әрекеттеріңіз:

- ✓ зардап шеккен адамды жатқیزیңыз және дененің зақымданған бөлігін жүрек тұсынан шамалы жоғарырақ көтеріңіз;
- ✓ жараның бетінен бөгде заттарды алып тастаңыз, бірақ жараға тереңірек енген заттарды шығаруға әрекеттенбеңіз және терең жараны сумен немесе антисептикпен жумаңыз;
- ✓ жараға алдын ала матадан сулық байлап, қатты қысыңыз, жараның ажырап кеткен екі шетін қосуға тырысыңыз;
- ✓ жарада қалған бөгде затты тікелей күш салып қыспаңыз;

⁶ http://emer.gov.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=11141%3A2012-02-09-05-1231&catid=279%3A2012-02-09-05-00-48&Itemid=82&lang=ru.

- ✓ жараны қысып ұстауды жалғастыра отырып, сулықты дәкемен немесе мата тілімдерімен қысып байлаңыз.

Егер **қысып таңғыш** қанды тоқтатпаса, жараға қан келетін **күретамырды басып тоқтатуға** тырысыңыз.

Егер қан ағу тоқтамаса, не жараның жоғарғы жағынан **бұрау** (бұрауды жазда 2 сағатқа, қыста 1 сағатқа салуға болады), не **бұрауыш** (таяқтар мен ширатылған жіптің көмегімен) салу қажет.

Жасанды дем алдыру және жүрекке массаж жасау техникасы

Зардап шегушіні шалқасынан жатқызыңыз (тегіс, қатты жерге), аяғын шамалы көтеріңкі етіп қойыңыз.

Зардап шегушінің өкпесіне екі рет терең ауа үрлеңіз де, жүрекке жанама массаж жасай бастаңыз:

- ✓ бірқалыпты кезекпен: 15 рет – жүрекке жанама массаж сердца және 2 рет өкпеге жасанды ауа жіберу. Осылай 4 цикл қайталаған соң тамыр соғысын тексеріңіз, егер байқалмаса, онда:
- ✓ жүрек-өкпе реанимациясын жалғастырыңыз.

Жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу мынадай белгілер кезінде сәтті өтті деп есептеуге болады:

- ✓ терінің қызаруы;
- ✓ ұйқы күре тамыры соғысының пайда болуы;
- ✓ қайта тыныс ала бастау.

ҚОРЫТЫНДЫ

«25 өмірлік жағдайлар» әдістемелік құралы жастарға әлеуметтену, бейімделу және оңалту процестерінде қолдау көрсетуге бағытталған. Берілген материалдар өмірде кездесетін түрлі жағдайларды тиімді шешу үшін қажетті нақты схемалардың, әдістердің, ұсынымдардың басын біріктіреді.

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жастарға арнап мемлекеттік қолдау көрсету мүмкіндіктері мен шаралары туралы ақпараттарды жинап, жастар үшін әлеуметтік проблемалардың кең спектрін шешу бойынша іс-әрекеттер алгоритмін ұсынады (балабақшаны қалай таңдау қажет және баланы мектепке қалай дайындау керек; мектепті қалай таңдау керек және жоғары білімді қалай алу қажет; баспананы мемлекеттік бағдарламалар арқылы қалай алуға болады; өз құқықтарыңды қалай қорғауға болады; төтенше жағдайлар кезінде өзінді қалай ұстау керек; бизнесті қалай тіркеу керек және заң шеңберінде қалай жүргізу керек және т.б.).

Жастарға мемлекеттік бағдарламалар және олардың операторлары – халықтың әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге ықпал ететін мемлекеттік атқарушы органдар туралы, аталған органдар мен құрылымдарға хабарласу тәсілдері, жастардың әлеуметтенуі процесінде жас азаматтар ұшырасатын түрлі жағдайларды өз бетінше шешуі үшін жастардың олармен өзара іс-қимылы әдістері туралы ақпараттар ұсынылады.

Осы әдістемелік құрал жас ұрпақтың қазіргі заманның шындығына шынайы бейімделуі мақсатында мінез-құлықтың тиімді моделін және пайдалы дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті ақпаратты алуына мүмкіндік береді.



**МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**НАУЧНО-
ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ
ЦЕНТР «МОЛОДЕЖЬ»**

25 ЖИЗНЕННЫХ СИТУАЦИЙ

МЕТОДИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ

АСТАНА-2015

СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ	70
ОХРАНА ЗДОРОВЬЯ	71
Основы здоровой жизни. Вредные привычки и их преодоление. Основы стрессоустойчивости.....	71
Бесплатная медицинская помощь	74
Вступление в раннюю половую жизнь. Аборт и его последствия.....	76
ВОПРОСЫ ОБРАЗОВАНИЯ	78
Как выбрать детский сад. Как подготовить ребенка к школе и, не травмируя, научить его самоорганизации	78
С чего начать самообразование. Возможности знания иностранных языков	81
Советы по выбору специальности/профессии	83
Как лучше подготовиться к ЕНТ. Как получить высшее образование. Как стать стипендиатом программы «Болашак».....	84
ЖИЛИЩНЫЕ ВОПРОСЫ	88
Пути приобретения жилья (жилье по государственной программе; арендное жилье)	88
Как получить прописку.....	89
Основы семейной экономики. Ведение домашней бухгалтерии. Как создать комфорт жилья при ограниченных средствах.....	90
ТРУДОУСТРОЙСТВО	94
Поиски работы. Как правильно составлять резюме/портфолио. Как вести себя на собеседовании.....	94
Правила обращения в молодежный ресурсный центр и бюро трудоустройства. Государственные курсы повышения квалификации	97
Статус безработного.....	98
Правила оформления трудового договора.....	100
Свой бизнес. Индивидуальное предпринимательство	101
СОЦИАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ	104
Виды государственных пособий. Услуги «электронного правительства»	104
Услуги для людей с ограниченными возможностями.....	106
Рекомендации по взаимодействию уполномоченного органа по вопросам государственной молодежной политики на местном уровне с представителями различных категорий молодежи и иных местных исполнительных органов	107
Участие в государственных программах, направленных на поддержку и развитие молодежи.....	108

ПРАВОВЫЕ ВОПРОСЫ	113
Конституционные права на судебную защиту и на правозащитника (поиск адвоката).....	113
Оформление судебного иска	115
Незаконное увольнение	116
Коррупционные действия сотрудников госорганов	117
Права молодых людей, состоящих в законном и гражданском браках. Раздел имущества	118
Основы семейного права. Родительские права. Права воспитанника детского дома	121
ЧРЕЗВЫЧАЙНЫЕ СИТУАЦИИ	124
Поведение при наводнении, землетрясении, пожаре и ухудшении климатических условий	124
Оказание первой медицинской помощи	128
ЗАКЛЮЧЕНИЕ	130
Список использованных источников и литературы	131

ВВЕДЕНИЕ

Актуальность данного методического пособия определяется возрастающими потребностями казахстанского общества в поисках путей создания условий для успешной социализации молодых людей в возрасте от 14 до 29 лет, возможными проблемными ситуациями, которые могут возникать на пути формирования личности и осуществления жизнедеятельности.

Вопрос жизнестойкости среди молодежи, становление молодого человека как специалиста, дополнительное получение профессиональных знаний, решение таких проблем, как формирование личности, эффективного стиля деятельности и общения, повышение правовой грамотности, проектирование своей жизни после окончания вуза имеет большое практическое значение.

В настоящее время в государственной молодежной политике Республики Казахстан расставлены приоритетные акценты в повышении уровня гражданской сознательности и самостоятельности молодежи. Поэтому в методическом пособии затронуты вопросы принятия решений в различных жизненных ситуациях, информированности о гражданских правах и обязанностях.

